

3 Тарихи өлкеде
тың бастамалар
жүзеге асуда



8 Қамшы
және
қамшыгерлік



Сыр бойы

8 маусым, сенбі 2024 жыл

№87-88 (20761-20762) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевты қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Үкіметтің су тасқыны салдарын жою және зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету үшін атқарып жатқан жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Премьер-министрдің орынбасары бүгінде 64 мыңнан астам адам өз үйлеріне оралғанын айтты. Эвакуациялық пункттерде тұрғындарға қажетті көмек көрсетілуде. Табиғат апаты кезінде жалпы 11998 тұрғын үйді, 5359 саяжай құрылысын су басқан.

Қанат Бозымбаевтың айтуынша, зардап шеккен өңірлерде 16715 үй тексеруден өткен. Оның ішінде 15464 нысанды бағалау жұмыстары аяқталған. Бағалау нәтижесі бойынша 9903 үйді жөндеуге болады, ал 6875 үй қалпына келтіруге жарамсыз деп танылды. Жарамсыз үйлердің орнына нарықтан 4525 үй мен пәтер сатып алу, сондай-ақ типтік жобамен 2350 үй салу жоспарланып отыр.

Бүгінде нарықтан 1814 пәтер мен үй сатып алу үшін келісім-шарттар жасалған. Зардап шеккен аймақтардағы 841 отбасы бұрынғы бұзылған үйлерінің орнына жаңа баспанаға қоныстанды.

Қазіргі уақытта 4521 отбасы үйлерін жөндеу және қалпына келтіру мақсатында 57,4 миллиард теңге көлемінде өтемақы алды. Жалпы, тұрғын үйлерді қалпына келтіруге 237 миллиард теңге қажет.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына бірреттік төлемдерді төлеу үшін Үкімет тарапынан қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндалды. 2024 жылғы 6 маусымдағы жағдай бойынша 31642 отбасы 100 АЕК мөлшерінде бірреттік төлемақы алды (барлығы 32440 отбасыдан өтініш түсті). Оған жұмсалған қаржы сомасы 11 миллиард теңгеден асады.

Бұл бағыттағы жұмыстар Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Абай, Ұлытау облыстарында толық аяқталды. Ал Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Атырау облыстарында төлем беру жалғасып жатыр.

Бүлінген дүние-мүлікке жүргізілген бағалау ісі аяқталғаннан кейін зардап шеккен тұрғындарға ең қажетті заттар сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қосымша өтемақы төленеді (5489 отбасы 4 миллиард теңге көлемінде өтемақы алды).

Зардап шеккен бизнеске келтірілген залалды өтеу жұмыстары басталды.

Қазіргі уақытта өңірлік комиссиялар шағын және орта бизнес субъектілерінің жалпы сомасы шамамен 377 миллион теңге болатын 34 өтінімін қарап, мақұлдады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы зардап шеккен тұрғын үйлерді бағалау, техникалық тексеру жүргізу ісін жеделдетуді, сондай-ақ оларды салу мерзімі мен құрылыс сапасын бақылауға алуды тапсырды.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП – САПА МЕН МЕРЗІМ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралап, жұмыс барысымен танысты.

Алдымен «Қорқыт ата» халықаралық әуежайының жаңа терминалына барды. Еске салсақ, жаңа терминал салуды «Болат Өтемураев қоры» қаржыландырған. Жұмыс өткен жылдың ақпанында басталды.

Маусымның 5-і күні облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен терминалдың тапсырыс берушісі «Accent Development Solutions» ЖШС арасында қабылдау-беру актісі жасалып, қол қойылды.

Жергілікті бюджеттен 4,3 млрд теңге қаржы бөлініп, әуежайдың сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы (су, кәріз, электр және байланыс, интернет желілері, бу қазандығы мен КНС) жеткізілді. Бүгінде «Сат-Сервис» ЖШС әуежай аумағына бағаттандыруды, сыртқы кәріз желісін жүргізуді аяқтады, орындықтар орнатылды, асфальт жабыны және тас төселді. Ағаш егу және көгалдандыру жұмыстары жалғасуда. «Иман» ЖШС 480

метрлік төрт жолақты автокөлік жолының екі қабат асфальт жабынын және тас (брусчатка) төседі. Жарық шамдары орнатылып, көгалдандыру қарқын алған. Бұл жұмыстар маусым айының ортасында толық аяқталады. Жаңа терминал халықаралық стандартқа сай. Жолаушыларға қызмет көрсету үшін барлық жағдай қарастырылған.

Аймақ басшысы қаланың әуе қақпасының тазалығы мен көркемдігіне баса назар аударды, барлық жұмысты сапалы әрі уақытылы жүргізуді тапсырды.

Әрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы сол жағалаудағы нысандардың құрылыс барысын көрді. Бұл аумақта мектеп, Оқушылар үйі, теннис орталығы секілді бірқатар ғимарат бой көтермек. Айта кетейік, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Былтыр 6900 орындық 10 мектептің құрылысы басталса,

биыл 5400 орындық 11 мектеп құрылысы қолға алынады деп күтілуде. Бұдан бөлек, қалада 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Жуырда 350 орынға арналған заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы бой көтере бастады. Нысан «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен салынуда. Сондай-ақ Сырдарияның сол жағалауында үстел теннисі орталығының, орталық стадионның құрылысы басталды.

Сәуір айында «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен 650 орындық заманауи үлгідегі музыкалық колледж ғимаратының іргетасы қаланды. Үш қабатты ғимарат құрылысы тамыз айында аяқталады деп жоспарлануда. Жобаның жалпы құны 4,8 млрд теңге, бас мердігер – «Интегрострой» ЖШС.

Қан орталығының құрылысы бітуге жақын, нысан жуырда пайдалануға берілімек. Орталық жылына 5000-10000 адамға қызмет көрсетеді.

Аймақ басшысы қала әкімі Серік Қожаниязов пен жауапты басқарма басшыларына барлық нысандағы құрылыс жұмыстарының сапасын тұрақты қадағалауды тапсырды.



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

/// ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС: АЛДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Елімізде әйелдердің зейнетке шығу жасы 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде белгіленеді. Атаулы әлеуметтік көмек төлеу тәртібі өзгереді. Ал бала күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақының сәби 1 жарым жасқа толғанға дейін берілуін аналар қауымы жылы қабылдады. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Назгүл Сағындықова Сыр еліне сапары кезінде облыс тұрғындарымен кездесуде айтты.



Жиында ол өткен жылы атқарылған жұмыс қорытындысын жариялап, жаңа бастамаларды таныстырды.

– Өздеріңізге белгілі, былтыр 1 шілдеден бастап Әлеуметтік кодекс іске қосылды. Кодекс қолданысқа енгізілгені бері зейнетақы жүйесінде біршама өзгеріс болды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес базалық зейнетақы мөлшері енді бірте-бірте артады. Одан бөлек, әйелдердің зейнетке шығу жасы 2028 жылға қарай 61 жас бойынша бекітілді. Оның алдында зейнет жасы жарты жыл сайын кезең-кезеңімен қосылып отырған еді, – деді вице-министр.

Бүгінде еліміздегі зейнеткерлер саны 2,3 млн шамасында. Оларға ынтымақты зейнетақы төлеуде орташа табыс ескеріледі. Ана мен баланы қорғау жүйесінде де айтарлықтай жаңалық бар. Алтын алқа мен күміс алқа иегерлерінің жәрдемақы мөлшері сараланып, бала күтімімен отырған аналарды 1 жарым жасқа дейін жәрдемақымен қамтамасыз етуге мүмкіндік туды. Қазақстандық қонбалалы отбасылардың 6,2 пайызы, ал наградталған аналардың 7,2 пайызы Қызылорда облысында тұрады. Демек, оң өзгерістер осы жандардың оң жамбасына келіп тұр.

2025 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек беру үшін кедейлік шегі бүгінгі күнкөріс деңгейі арқылы емес, медиандық табыс деңгейі арқылы анықталады. Бұл ең төменгі күнкөріс деңгейінен 1,5 есе жоғары, яғни жәрдемақы сомасы өседі

деген сөз. Әлеуметтік кодекстің ендігі игілігі мүгедектігі бар азаматтар санатына арналған. Олар келесі жылдан бастап жан басына қаржыландыру есебінен өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік алады. Бұл, әсіресе, ауылдық жерде тұратын мүмкіндігі шектеулі жандар үшін тиімді болмақ. Дәрігер қорытындысы бойынша ақыл-ой кемістігі бар балаларға санаторий-курорттық емдеу қызметтерін көрсету жоспарланып отыр. Денсаулығында ауытқу бар балалар майланған катетермен қамтамасыз етіледі.

Вице-министр әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін трансформациялау, мүгедектігі бар азаматтар үшін арнаулы әлеуметтік қызмет қолжетімділігін арттыру, әлеуметтік сақтандыру жүйесін жаңғырту мәселелеріне кеңірек тоқталды. Жиын барысында облыс тұрғындарының сұрақтарына жауап берді. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындау тәртібін жетілдіру, бүйрек жетіспеушілігі ауруына шалдыққан азаматтарды емдеу, мүмкіндігі шектеулі жандарды инвентармен қамтамасыз ету, тифлоқұралдар беру мәселелеріне басымдық берілді.

Назгерке САҒЫНДЫҚОВА,
«Сыр бойы»

/// САРАП

НАШАҚОРЛЫҚ ДЕРТ ПЕ, ДАҒДЫ МА?

«Біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржола тосқауыл қоюымыз керек. Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Нашақорлық әсіресе, балалар арасында тез таралып, жастарымыз уланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің ұсынысым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек.»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде елдегі нашақорлықпен күреске қатысты осылай деген болатын.

4-бет

БАСПАСӨЗ – 2024

Құрметті оқырман!

2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газеті жекелер үшін: 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін: 6 айға – 5000 теңге.

Валюта бағамы \$ 446,89 kzt

€ 485,95 kzt

₸ 5,04 kzt

Ауа райы +35° +39°

+34° +38°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Айбек Дөдебайдың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде өртке қауіпті кезеңге дайындық, «Таза Қазақстан» республикалық акциясын және «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы талқыланды.



Одан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аталған мәселелер бойынша жауапты басшыларға бірқатар тапсырма берді.

– Қызылорда облысының мемлекеттік орман қоры жерлерінде өртке қауіпті кезең 20 наурыздан басталды. Қала және аудан әкімдері облыстық төтенше жағдайлар департаментінің аумақтық бөлімдерімен бірлесіп, өрт қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізіңіздер. Өрттің алдын алу шараларын қатаң бақылауда ұстаңыздар. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдарындағы және әлеуметтік желілердегі ақпараттандыру жұмыстарына жете мән беріңіздер, – деп тапсырды аймақ басшысы.

Айта кетейік, облыс аумағында өрт оқиғаларының алдын алу бағытында кешенді профилактикалық жұмыс жүргізілуде. Осы жылдың 29 ақпанында «Қызылорда облысы аумағында орман және дала өрттерінің алдын алу, жою жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді. Орман шаруашылығы мекемелерінде 13 өрт сөндіру автокөлігі мен 65 өрт сөндіруші тұрақты қызмет атқарады.

Материалдық-техникалық базаны нығайтуға 2022 жылдан бері 1 млрд 544 млн теңге бөлінді. Өртке қауіпті маусымға 18,2 тонна жанар-жағармай қоры дайындалып, 15 қадағалау мұнарасында тұрақты кезекшілік ұйымдастырылған. Орман қоры жерлерінде 527 шақырым өрт жолақтары жанартылып, 5 918 шақырым ескі жолақтар қалпына келтірілуде. Сонымен қатар, 61 аңшылар панно орналастырылды.

Облыста мемлекеттік орман қоры жерінің жалпы көлемі 7 млн гектар, оның 3,8 млн гектары – орманды алқаптар.

Облыс әкімі күн тәртібіндегі екінші мәселеге тоқталып, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жыл соңына дейін жалғасатынын айтты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде сәуір айынан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы бастау алды.

Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – жай ғана маусымдық акция өткізу емес, халық санасында экологиялық мәдениетті, тазалыққа, ең бастысы, тәртіпке деген жауапкершілікті арттыру.

Экологиялық акция жыл соңына дейін жалғасады. Облыстық іс-шаралар жоспары бекітілуде. Ел Президенті айтқандай «Таза Қазақстан» «бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бірреттік науқан емес, туған жерімізді үнемі таза ұстауымыз керек». Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, өз аумақтарыңыздағы қоше-жол желісінде, аулаларда, жасыл желек аймақтарында, ғимараттар қасбетінде тазалық шараларының сапалы жүргізілуін қадағалаңыздар. Облыстық басқарма басшылары, салаларыңызға қатысты нысандарда тазалық, абаттандыру, көркейту жұмыстарының тұрақты жүргізілуіне жеке жауаптысыздар, – деді аймақ басшысы.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына Қызылорда қаласы, аудан әкімдерімен бірлесіп, шағын және орта бизнес субъектілерінің, халық көп шоғырланатын сауда базарларының тазалығын тұрақты бақылау тапсырылды.

Нұрлыбек Машбекұлы барлық жұмыс бекітілген іс-шараға сәйкес, дер кезінде, сапалы жүргізілуі керектігін атап өтіп, экологиялық акцияны жергілікті және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде кеңінен ақпараттандыруды міндеттеді.

Мұнан бөлек, жиында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы талқыланды. Аймақ басшысы қала, аудан әкімдеріне жоспарланған жұмыстың мерзімінде, сапалы орындалуын қадағалауды тапсырды. Айта кетейік, ұлттық жоба аясында облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салынады. Өткен жылы 6900 орындық 10 мектептің құрылысы басталса, биыл 5400 орындық 11 мектеп құрылысы жүргізілмек.

ҚАУІПСІЗДІК : КЕШЕНДІ ІС-ШАРАЛАР ҚАЖЕТ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті.

Онда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда атқарылған жұмыстар мен қаржы пирамидаларына қатысты мәселелер қаралды. Жиынға жауапты мекеме, ұйым басшылары қатысып, аудан әкімдері селекторлық байланыс арқылы қосылды.

Облыс әкімі әйелдер мен балалардың құқығын қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін, бұл күрделі мәселе жауапкершілікті талап ететінін қаперге салды.

– Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуді тапсырған еді. Таяуда ғана Президент «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» заңға қол қойды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қылмыс деп танылуы, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлері үшін жазаның күшейтілуі және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған түрлі шаралардың белгіленуі заңның негізгі жанамағы деп айтуға болады. Бұл мәселемен тікелей айналысатын арнайы құрылым жұмысын бастады. Полиция органдарында мамандандырылған бөлімше құрылып, жұмыс атқаруда. Тек анықтаумен шектелмей, арнайы ашылған орталықтар және мүдделі органдармен бірлесіп, нақты шараларды қолға алу қажет. Бірінші кезекте тез нәтиже беретін әрі халыққа аса қажетті жобаларды қолға алу керек, – деді облыс әкімі.

Тұрмыстық қарым-қатынастағы құқықбұзушылықтың алдын алу, зардап шеккен әйелдер мен олардың отбасыларына қолдау көрсету бағытында атқарылған шаралар туралы департамент бастығының бірінші орынбасары Ермахан Абдраманов, облыстық жұмыспен қамтуды



үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев баяндама жасады.

Аймақ басшысы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа бейім отбасылармен арнайы мамандарды тартып, профилактикалық шаралар жүргізуді тапсырды. Зардап шеккен отбасыларға тұрақты мониторинг жүргізіп, әлеуметтік тұрғыдан бейімделуіне қосымша шаралар қабылдау үшін нақты ұсыныстар әзірлеу міндеті қойылды. Қаржы пирамидалары мен қаржылық алаяқтықтың алдын алу бағытында атқарылған шаралар туралы департамент басшысының міндетін атқарушы Арман Джанадилов баяндады. Аймақ басшысы қаржылық алаяқтықтың алдын алу және тұрмыстық жанжалдарды азайтуға азаматтық қоғам институттары мен қоғамды тартудың маңызын айтты. Сол арқылы жастардың құқықтық сауаттылығы артып, қауіпті кеселге қарсы дүниетанымы қалыптасады. Облыс басшысы құзырлы мекеме басшыларына көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылды күшейту, қаржы пирамидалары

белгілерін алдын ала анықтау жұмыстарын жандандыруды ескертті. «Қаржылық сауаттылық және қаржылық қауіпсіздік негіздері» аясында Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, тиісті салалық басқармалар бірлесіп, кешенді іс-шара қабылдауы тиіс.

Комиссия отырысында күн тәртібінен бөлек басқа да өзекті мәселелер қаралды. Жаз айларында тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы профилактикалық сипаттағы 6 арнайы әлеуметтік ролик жасау тапсырылды. Олар вандализм, лудомания, есірткі қылмыстары, балалардың терезеден құлап кетуі, белгіленбеген орындарда шомылу, интернет-алаяқтық пен кәмелетке толмағандарға жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу тақырыптарын қамтуы тиіс.

Жиынды қорытындылай келе, облыс әкімі қаралған мәселелер бойынша жауапкершілікті күшейтіп, кезделген міндетті мүлтіксіз орындау қажеттігін қатаң ескертті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану, кәсіпорындардағы еңбек жағдайы, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын және өңір жастарын қолдау мәселелері талқыланды.

ЖАУАПТЫЛАРҒА ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев баяндады. Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға саладағы өзекті мәселелерді бақылауда ұстау, шаруа қожалықтарымен тиімді кері байланыс орнату қажеттігін атап өтті.

Еңбек қатынастары саласындағы жағдай бойынша облыстық бақылау жөніндегі басқармасының басшысы Ғанижан Қалиев баяндама жасады. Нұрлыбек Машбекұлы кәсіпорындар қызметкерлеріне жалақының мерзімінде төленуі тиіс екендігін атап өтіп, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне өз аумақтарындағы ахуалды үнемі бақылауда ұстауды тапсырды.

Мұнан бөлек, жиында халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының жағдайы қаралды. Атқарылған жұмыстар мен алдағы қабылданатын шаралар туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев баяндады. Сондай-ақ облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов жастар арасындағы ахуалға және NEET санатындағы жастарға бағытталған жұмыстарға тоқталды.

Жиын қорытындысында аймақ басшысы әрбір мәселеге жан-жақты талдау жүргізіліп, тиімді әдістерді пайдалану, қажет болған жағдайда өзге өңірлердің оң тәжірибелерін енгізу мүмкіндіктерін қарастыру керек екендігін атап өтіп, жауапты мекеме басшыларына тиісті тапсырмалар берді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЖОСПАРЛАНҒАН ЖҰМЫС МЕРЗІМІНДЕ БІТУІ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Қызылорда қаласын дамытудың негізгі мәселелері қаралды. Атап айтқанда, қаланы абаттандыру, тазалық, көркейту, үйлердің қасбетін ретке келтіру, «Таза Қазақстан» акциясының жүзеге асырылуы, құрылыс және жол құрылысы мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы нысандардың құрылыс сапасын жіті қадағалауды тапсырды. Абаттандыру, қоғаландыру барысына тоқталып, қала әкімі Серік Қожаниязовқа бірқатар тапсырма жүктеді. Әсіресе, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық көліктер жарысын болдырмау, интервалды қатаң сақтау қажеттігі ескерілді. Абай даңғылының Мұратбаев көшесінен облыстық медицина орталығына дейінгі бөлігіндегі жолдың екі бетіне газон төсеу керек.

Сондай-ақ жиында аудан, облыс-аралық қоғамдық көліктерді және жеке таксилер тұрағын жана автовокзалға көшіру жайы талқыланды. Шаһардың сыртқы келбетін жақсарту үшін теміржол вокзалы аумағын абаттандыру, сол маңдағы көпқабатты тұрғын үйлердің сыртын бояу жұмыстары жоспарлануда. Облыс

орталығында құрылысы басталған 19 көпқабатты тұрғын үй маңын абаттандыруды, 25 ойын-сауық және спорт алаңының құрылысын 1 шілдеге дейін толық аяқтау қажет. Сонымен қатар, Яссауи көшесіндегі 4 тұрғын үйдің қасбетін әрлеуді 1 шілдеге дейін бітіру тапсырылды.

Аймақ басшысы тұрғындар қауіпсіздігіне ерекше тоқталып, қаланың кейбір көшелерінде құдық беттері ашық тұрғаны анықталғанын ескертті. 10 маусымға дейін құдық беттерін толық жабу, «Қызылорда су жүйесі» мекемесі қызметкерлерінің жалақы қарызын өтеу жөнінде тапсырма берді. Мұнан бөлек, маусым айының бірінші онкүндігінде орталық алаңды абаттандыру жұмыстары да соңына жетуі тиіс. Ал Яссауи көшесін абаттандыру жұмыстарын 1 тамызға дейін аяқтау қажет.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЙБІР ШЕШІМДЕРІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдері жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Лауазымы

Аты-жөні

Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы _____ № _____ шешіміне қосымша

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНЫЛҒАН КЕЙБІР ШЕШІМДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Қызылорда облыстық мәслихатының:

1. «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және (немесе) жеңілдікті шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» 2020 жылғы 21 қазандағы №474 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7771 болып тіркелген) шешімі;

2. «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және (немесе) жеңілдікті шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» 2020 жылғы

21 қазандағы № 474 шешіміне 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 25 шешімі;

3. «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және (немесе) жеңілдікті шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» 2020 жылғы 21 қазандағы № 474 шешіміне 2022 жылғы 15 сәуірдегі №98 шешімі;

4. «Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» 2020 жылғы 21 қазандағы № 474 шешіміне 2022

жылғы 7 қыркүйектегі № 135 шешімі;

5. «Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» 2020 жылғы 21 қазандағы №474 шешіміне 2022 жылғы 12 қазандағы №141 шешімі;

6. «Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» 2020 жылғы 21 қазандағы № 474 шешіміне 2023 жылғы 24 сәуірдегі № 14 шешімі.

/// СҰХБАТ

ТАРИХИ ӨЛКЕДЕ ТЫҢ БАСТАМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Қазалы ауданы – Қызылорда облысының экономикалық қуатты өңірлерінің бірі. Мұнда өндіріспен айналысушылар көп болмаса да, кәсіпкерліктің көкжиегі кеңейген. Мәселен, балық өнімдері, шикізат, ет, сүт өнімдері Қазақстаннан бөлек, алыс-жақын шетелдерге экспортталады. «Қазалы» атты конференциямен танымал мекеннің тыныс-тіршілігі, даму динамикасы жайында облыстық «Сыр бойы» және аудандық «Қазалы» газетінің өкілдері аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбетпен сұхбаттасқан еді.

Қуат Шарабидинов: – Мейрамбек Зинабидинов, қазыналы Қазалы өңіріне әкім болып келгеніңізге 100 күн толған екен. Әрине, аз ғана уақыттың ішінде қыруар тірілік атқару мүмкін емес. Дегенмен, біршама жұмыс шырғып, жаңа бастамалар қолға алынды. Оған халық куә. Мәселен, сіз қызметке келгеніңіз тазалыққа басымдық бердіңіз. Мұның нәтижесі қандай?

– Өздеріңіз білесіздер, биыл ақпан айында облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы үлкен сенім артып, тарихы шежірелі, Сыр еліндегі іргелі аудандардың бірі – қасиетті Қазалы жеріне қызметке келдім. Қазалы ауданы – ежелден тарихы терең, ынтымағы бекем, қайраткер тұлғаларымен танылған өркенді өңір. Бұл, әрине, маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан менің негізгі мақсатым – осы сенім үдесінен шығып, халыққа адал қызмет ету.

Бұрыннан да білеміз, Қазалы ауданы – қайнаған қызу жұмыстың, тынымсыз тіршіліктің, қарқынды құрылыстың ордасы. Киелі өңірде ең алдымен ауданның асақалдарымен, халқымен кездесіп, ақ батасын алып жұмысымызды бастадық. Мұнан соң әрине ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағытын саралап, алдағы жоспарларды тиянақтадық.

Тазалық бар жерде тәртіп те бар, береке де болады. Осы ұстанымға бекініп, барша қазалылықтар болып, ауызбіршіліктің үлгісін көрсетіп, көктем келе аудан аумағында екі айлық санитарлық-тазалықты бастап кеттік.

Оның үстіне өздеріңіз білесіздер, биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, елімізде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы да басталды. «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мәңгілік ел» сынды 5 аптаға созылған бұл науқанға ел азаматтарымен қатар барша қазалылықтар белсене атсалысты. Жалпы ауданда республика көлемінде арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, барлық кент, қала және ауылдық округтерде сенбіліктер ұйымдастырылды. Әрбір тазалық апталығының тақырыптарына сәйкес, аудан орталығы мен барлық елді мекендердің көшелері, аяқуарлары, саябақтар, скверлер, мекеме, қоспаныр аумақтары, ауданның ішкі, сыртқы аймақтары қоршаулар тазартылып, ағаш және гүл шоқтары отырғызылып, ғимараттардың қасбеттерін әктем мен көше бойындағы шарбақтар мен қоршаулар, жол белгілері, аялдамалар басқа да тазалық әктемге, сырлау жұмыстары атқарылды.

Қазалы ауданының орталығы – Өйтеке би кентінде бүгінде 50 мыңға жуық халық тұрады. Өйтеке би кентін ауданның айнасы деуге болады. Осы бір Өйтеке би кентінің тазалығы баршамыздың ортақ абыройымыз болғандықтан, кент аумағын 7 аймаққа бөліп, әрбір аймақ бойынша тазалық жұмыстарына кірісіп кеттік. Бұл жұмыстар әр сенбі сайын әлі де қарқынды жүргізіліп келеді.

Жалпы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ауданның санитарлық тазалығы, көркейту және көгалдандыру жұмыстары жыл соңына дейін жалғасатын болады.

Ал абағандыру жұмыстарына келер болсақ, алдағы уақытта кезек-кезегінен ауданның бас қаласы саналатын Теміржол вокзалы, қаншама жылдық тарихы бар Жәніс саябағын, сонымен қатар аудандық әкімдік ғимараты мен Е.Бозұқов атындағы №249 мектеп-лицей алдын, Өйтеке би кентіндегі Орталық алаңға абағандыру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз.

Есет Табынбаев: – Қазалының топырағы қасиетті. Осы киелі өңірден талай таланттар мен даңқты батырлар, қара қылды қақ жарған би-шешендер шыққаны бәрімізге аян. Сондай жау жүрек жауынгердің бірі Жанқожа Нұрмұхамедұлының туғанын биыл 250 жыл толады. Осы орайда батыр бабамыздың ерлік істерін дәріптеп, өскелең ұрпаққа таныту мақсатында қандай шаралар жүзеге аспақ?

– Алаштың анасына балаған – Сыр өңірінде талай жау жүрек батырлар мен арақты әулиелер, ғұлама ғалымдар мен би-шешендер, ақын-жазушылар дүниеге келіп, өсіп-өнгенін жақсы білесіздер. Әрине, олардың алғашқы легінде XVIII-XIX ғасырларда Сыр бойындағы ұлт азаттығы күресінің қолбасшысы Жанқожа Нұрмұхамедұлы тұр.

Биыл қазалылықтар халық ба-

тыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының 250 жылдығын кең көлемде атап өтпек. Мерейтой аясында облыстық жыр-дастан орындаушылар байқауы, конференция, ұлттық спорт түрлерінен сайыстар, тағы басқа да ауқымды шаралар жүзеге асады. Сондай-ақ ерлік пен батырлықтың үлгісіне айналған халық батырына арнап еңселі ескерткіш орнату жоспарлануда.

Жалпы, ел тұтастығы жолында жанын піда еткен бабаларға тағзым ету – азаматтық борыш десек, жасампаздығымызды паш ететін бұл шараның болашақ ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеудегі үлесі зор болмақ. Бұл бір жағынан, асылды ардақтаудың, батырды бағалаудың үлгісі, ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі болатындығына сөз жоқ. Ендігі жұмыс баба мерейтойын жоғары деңгейде өткізу. Бұл елділімізге сын – халықтық іс. Себебі, батыр баба – баршамызға ортақ.

Мұнан бөлек биыл Өйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр кесенесінің аумағына абағандыру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ «Қызылқұм» шекарасы аумағындағы батыр бабаның бейіті мен тунехуасына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қуат Шарабидинов: – Қазалының тағы бір озық тұсы – кәсіпкерлік саласы өрлеп басқан. Ел аузында «кіші Түркістан» деп аталып кетуінің де себебі осында. Кәсіпкерлік саласы туралы толығырақ тоқталсаңыз... Аудан

«Қазалы ауданының орталығы – Өйтеке би кентінде бүгінде 50 мыңға жуық халық тұрады. Өйтеке би кентін ауданның айнасы деуге болады. Осы бір Өйтеке би кентінің тазалығы баршамыздың ортақ абыройымыз болғандықтан, кент аумағын 7 аймаққа бөліп, әрбір аймақ бойынша тазалық жұмыстарына кірісіп кеттік. Бұл жұмыстар әр сенбі сайын әлі де қарқынды жүргізіліп келеді.

Халықтың қанша пайызы кәсіпкерлікпен айналысады? Соның ішінде кәсіпті қандай бағытына басымдық берілген?

– Ауданда 2024 жылдың 5 айында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 5 673 бірлік құрады.

Жыл басынан жанадан 688 кәсіпкер тіркеліп, өз жұмысын бастаған.

Жалпы, бұл саланы дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жыл басынан бері жалпы көлемі 1 миллиард 532 миллион теңгені құрайтын 48 жоба қаржыландырылды.

Ендігі кезекте, ауыл халқының табысын арттыру бағытындағы «Ауыл аманаты» жобасы және 21-35 жас аралығындағы жастарға арналған 2,5% жеңілдетілген несиелену қамту бағдарламалары басталған кезде тиісті сүйемелдеу жұмыстары жүргізіліп, тұрғындарды несиелендіру шаралары атқарылатын болады.

Осы жылдың 4 айында өнеркәсіп көлемі 8,2 миллиард теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, 104,3% құрады.

Өнеркәсіп саласының басым бөлігін құрайтын өңдеу өнеркәсібінде 7,2 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты индекс көлемі 103,6% көрсетіп отыр.

Биыл ақпан айында Жалпы ұлттық бірінші жобалар пулы аясында құны 501 миллион теңге құрайтын «Жанкент Агро» ЖШС-нің күрші өңдеу зауыты іске қосылды, өнім шығара бастады. Оның қуаттылығы жылына 5000 тонна, жұмыс орны – 10 адам. Кәсіпорынның іске қосылуы ауданымыздағы өнеркәсіп және өңдеу өнеркәсібі саласының өсіміне оң септігін тигізетін болады.

Қазалыда сауда-саттық пен қызмет көрсету саласы қарқынды дамып келе жатқаны айтуға болады. Бұл осы өңірде тән ертеден бар үрдістің жаңа деңгейге иек артқанының көрінісі. Мәселен, биыл 4 айда бөлшек сауда көлемі 3,8 миллиард теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 102,8% құраса, 40 адамды жұмыспен қамтитын 11 кәсіпкерлік нысан пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін қосымша 20-ға жуық кәсіпкерлік нысан пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Есет Табынбаев: – Қазалыда әсіресе кейінгі жылдары құрылыстың қарқыны ерекше өсті. Тіпті, шалғайдағы ауыл-

дардың өзінде бірқатар әлеуметтік нысандар салынууда. Аймақ басшысының тапсырмасымен, облыстың өзге аудандарында «Руханият» орталықтарының құрылысы жүріп жатыр. Мұндай орталық біздің ауданда да бой көтере ме?

– Орынды сұрақ. Биыл аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен, 2024 жыл Сыр өңірінде «Руханият жылы» болып жарияланды. Жыл аясында өңірде мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, ауқымды жобалар жүзеге асырылмақ. Барлық аудандарда облыс әкімінің бастамасымен «Руханият» орталықтарының құрылысы басталуда. Жуық арада ауданда құны 1,7 миллиард теңге болатын осы нысанның іргетасы қаланбақ. Орталықтың орны Өйтеке би кенті, Жанқожа батыр көшесі бойындағы аудан әкімдігі мен Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығы ғимаратының ортасынан белгіленді. Рухани кешен құрылысы аяқталғаннан кейін музей, кітапхана, мұрағат, неке кино залы, ардагерлер және аналар кеңесі, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихимәдени үйімдар осы типтік үлгідегі орталыққа біріктіріліп, халыққа қызмет ететін болады.

Құрылыс саласында қарқын бар. Биыл Қазалы ауданында бірқатар нысандар ел игілігіне пайдалануға берілме.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды» деген болатын.

Міне, осы қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр ауылынан 300 орындық мектеп ғимаратының



дағы автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 86% құрайды. Елді мекендер бойынша бұл көрсеткіш 65% болып отыр. Әсіресе, аудан орталығы Өйтеке би кентінде асфальт қабаты салынған жолдар 50%-ға да жетпейді.

Осы тұрғыда біршама жобалар қолға алынып, тиісті жұмыстар басталып кетті.

Өткен жылы республикалық бюджеттен бөлінген 70 миллион теңгеге жұмыс басталған Өйтеке би кентіндегі 2,4 шақырымды құрайтын Жанқожа батыр және Өйтеке би көшелерін қайта жаңғырту жобасын аяқтауға биыл ұлттық қор есебінен 691,8 миллион теңге алып отырмыз.

Жанқожа батыр көшесінің асфальт қабатын қайта ауыстырып, жол жиегін бекіту және қоғамдық көлік аялдамаларын орнату, сонымен қатар, көлік кептелісін азайту мақсатында Пірімов көшесімен қиылысына бөлек жол айрығы жүргізілме.

Өйтеке би көшесінің 1,7 шақырым автомобиль жолын барынша кеңейтіп, 8 автобус аялдамасын және 110 жол белгілері жанадан орнатылмақ, жол сапасын арттыру мақсатында 2 қабаты жол төсемдері, яғни асфальт салынады.

Одан бөлек, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Өйтеке би кентінің Бегім ана және Сырым батыр көшелері толық асфальтталып пайдалануға берілді. Кенттегі 6 көшеге құм аралас малта тас қоспасы салынды. Оған республикалық бюджеттен 198 миллион теңге қаржы бөлінген болатын.

«Шағын және моно қалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру» бағдарламасымен, Қазалы қаласының 10 көшесіне мердігер мекеме «Бо-

лашақ» ЖШС тарапынан қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Биыл жұмысты бастауға республикалық бюджеттен 69 миллион теңге бөлініп отыр. Жоба бойынша жалпы ұзындығы 5 шақырым көшеге асфальт қабатын төсеу, 5 көшеге жауу жүргініштер жолдарын салу және аяқсу өткізгіштерін орнату жұмыстары атқарылатын болады.

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңғырту бойынша да жұмыстар жалғасуда.

2024 жылға облыстық бюджеттен бөлінген 120 миллион теңгеге «Бозкөл-Тасарық» (жоба құны 687 071,0 теңге), «Бекарыстан би – Шөмішкөл» (жоба құны 546 198,0 мың теңге) бағытындағы барлығы 20,4 шақырым автомобиль жолдарын қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Жолды пайдалануға беруге республикалық бюджеттен 164 миллион теңге қажеттігіне қарамастан, мердігер «Қазалы қолшы» ЖШС өз қаражаты есебінен жобаны аяқтауға жұмыс істеуде.

«Бозкөл-Тасарық» автомобиль жолында 11,2 шақырымға құм аралас малта тас төселіп, жол бойына 2 дана су өткізгіш құбырлар орнатылды. «Бекарыс-

тан би – Шөмішкөл» автомобиль жолына гравийлі құмды қоспа (ГПС) қабаты төселіп, 1 дана су өткізгіш құбыр салынды. Қазіргі кезде Өйтеке би кентінің кезек куттірмейтін 10 көшесін орташа және күрделі жөндеу бойынша жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптама қарауына жолданды.

Өйтеке би кентінің жалпы ұзындығы 5,1 шақырымдық Әбілхайыр хан, Желтоқсан, А.Байтұрсынов көшелерін күрделі жөндеу, ұзындығы 3,1 шақырым Аманкөлі, Қобыланды, Төрәмұрат жырау, С.Жәрімбетов, С.Нұрхатов көшелерін орташа жөндеуге жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

Ал енді өздеріңізге белгілі ауданымызда бірнеше жылдан бері құрылысы басталып, мердігер мекеменің жауапсыздығынан және басқа да себептерге байланысты кешеуілдеп келе жатқан Өйтеке би – Қазалы қаласын байланыстырып жатқан 7 шақырымды құрайтын жолдың жайына келмейк. Шын мәнінде, бұл күрделі мәселе болып келді. Алайда, бүгінгі таңда шешімін табуға бірлесе жұмыс атқарылды.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан Өйтеке би – Қазалы аралығындағы 7 шақырым аудандық маңызды автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары аяқтау мерзімі 2022 жылдың 30 желтоқсаны болатын. Құрылыс жұмыстары мердігер мекеме тарапынан биылға дейін жалғасып келді. Бұрынғы мердігер мекеменің сот шешімі арқылы біржақты келісім-шарт бұзылды.

Қазіргі кезде, 838,1 миллион теңге қаржыға қалған жұмыстарды аяқтау үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, жақын уақытта қорытынды шығады деп

“**Биыл аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен, 2024 жыл Сыр өңірінде «Руханият жылы» болып жарияланды. Жыл аясында өңірде мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, ауқымды жобалар жүзеге асырылмақ. Барлық аудандарда облыс әкімінің бастамасымен «Руханият» орталықтарының құрылысы басталуда. Жуық арада ауданда құны 1,7 миллиард теңге болатын осы нысанның іргетасы қаланбақ.**»

“**Есет Табынбаев:** – Тұрғындарды сапалы ауызсу және «көгілдір отынмен» қамту мәселесі де қанағаттанарлық деңгейдегі тағымалы еңбек іргегіңіз. Осы бағыттағы еңбек іргегіңізді саралай отсаңыз...

– 2022 жылы 2025 жылға дейінгі орталықтандырылған су жүйесіне қосу үшін жоба құны 389,4 миллион теңгелік жоба-сметалық құжаттары әзірленген Шакең, жоба құны 730,6 миллион теңге тұратын «Сарбулақ» және жобасы 235,7 миллион теңге «Шилі» елді мекенін ауызсумен қамту жобалары әзірленіп, сараптама оң қорытындысы алынды. «Сарбулақ» және Шакең елді мекенін қаржыландыру үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылды. Аталған жобаларды су айдау насостарын орнату, су сақтау резервуарын, су тұщыту қондыр-

ғысын салу және сервистік су желісін тарту жұмыстары қаралған.

Ажар, Жұбан, «Бірлік» елді мекендерін су тұщытқыш қондырғысы арқылы ауызсумен қамту үшін 2024 жылға аудандық бюджеттен 26 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Оған Ажар, Жұбан елді мекеніне су тұщытқыш қондырғылары сатып алынатын болады.

Осы жұмыстарды іске асыру арқылы 2023 жылдан өтпелі Абай елді мекеніндегі орамшілік газ желісі құрылысы жалғастырылуда. Қаржысы толығымен шешілген, қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарының 85% атқарылды. Жоба құны – 343,1 миллион теңге. Сәтін салса жайына дейін Абай ауылының тұрғындары үшін «көгілдір отын» пайдалануға берілетін болады. Сонымен қатар «Қазалы ауданының Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдақол, Ү.Түктібаев елді мекендеріне тартылатын газ құбырын салу құрылысы» жобасы бойынша республикалық, облыстық бюджеттен 1562,4 млн теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Жоба құны – 3 863,8 млн теңге. Жеңімпаз анықталысымен, құрылыс жұмыстары басталады.

Сондай-ақ «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ақтан батыр елді мекеніндегі орамшілік газ құбырын салу» бойынша облыстық бюджеттен 325,9 млн теңге қаржы бөлініп, жеңімпазы анықталып, құрылысын бастау күтіліп отыр. Жоба құны – 371,2 млн теңге. Міне, аудан халқына сапалы ауызсу мен «көгілдір отын» жеткізуде осындай жұмыс бар.

Қуат Шарабидинов: – Егін – елдің ырысы. Өйтсе де, сол ырыс табиғи ерекшелікке сай қазалылықтардың жанкешті еңбегімен келеді. Дикандардың биылғы межесі қандай? Су ташылығына төтен беретін қандай қарекет жасалады?

– Дұрыс айтаңыз. Қазалылық дикандар үшін ырыс-несібе жинаудың өзіндік қиындығы бар. Биыл аудан бойынша барлығы 17 377 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланды. Оның ішінде дәнді дақылдар 6 637 гектар, майлы дақылдар 65 гектар, картоп, көкөніс, бақша 2384 гектар, мал азықтық дақылдар 8291 гектар. Негізгі дақыл – күрші 6 200 гектар.

Биылғы егін сызбасын даярлау барысында әртарапталдыруға ерекше мән беріліп, өткен жылдан жаздық бидай 81 гектар, жаңа жоншықа 126 гектар, ескі жоншықа 112 гектарға артық орналасты. Күршінің көлемі 250 гектарға азайды.

Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында картоп, көкөніс, бақша дақылдарын қосымша егу үшін 146 гектар жерге барлығы 281 адам бірігіп, аталған дақылдарды егу жұмыстарын жүргізуде. Бүгінгі күнге 15 гектар картоп, 35 гектар көкөніс, 46 гектар бақша дақылдары егілді.

Су ташылығына байланысты 2024 жылға егістікке қажетті судың лимиті 350 миллион текше метр, экологиялық жағдайға 270 миллион текше метр су алу жоспарланған. Алайда, ауданға егістікке 335 миллион текше метр, экологиялық жағдайға 270 миллион текше метр, барлығы 605 миллион текше метр болып бекітілді.

Сондай-ақ вегетациялық кезеңде су ташылығын бөледіру мақсатында «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы тарапынан биыл 17,9 шақырым каналдарды тазалау жүргізілді. Сақбай, «Еңбек», 5х-4, «Бақы», «Коммуна» каналына механикалық тазалау жұмыстары толық жасалды.

Сондай-ақ, «РЗА» АҚ жаңбырлатып суару тәсілімен 260 гектар сүрлемдік жүгері, «Smart Agro» ШҚ-ы тамшылатып суару арқылы 6 гектар бақша су егіп, күтімге алды. Су үнемдеу технологиясын осылай өндіріске енгізе беру маңызды болып тұр. Өйткені, кейінгі жылдардағы су ташылығы әсіресе өзеннің теңізге құярлығындағы аудан үшін алаңдатпай қоймайды.

Қуат Шарабидинов: – Мейрамбек Зинабидинов, еркін сұхбатқа уақыт бөлгеніңіз үшін рахмет. 100 күндік жұмыстың жалғасы баянды болсын!

Есет Табынбаев: – Еңбегіңізге табыс тілейміз.

Сұхбаттасқандар
Қуат ШАРАБИДИНОВ,
«Сыр бойы».
Есет ТАБЫНБАЕВ,
«Қазалы».



ТҮЛЕКТЕРГЕ ТАПТЫРМАС МҮМКІНДІК

Мамандық бойынша жұмыс іздеу мен жұмыс істеу – жастар үшін бүгінгі күннің басты мәселесінің бірі. Осы орайда Студенттер сарайында Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаменті, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бірлесуімен «Mansar Navigator 1.0» түлектерге арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Маңызы жоғары шараның басты мақсаты – ЖОО бітіруші жас мамандарды тұрақты жұмысқа орналастырумен қатар, халық үніне құлақ асатын ашық мемлекетті қалыптастыру жолында әлеуметтік сала, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік қолдау бағытында түлектерге берілетін ақпараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету және олардың жұмыс берушілермен еркін түрде сұхбаттасып, жүздесулеріне ықпал жасау. Аталған жәрмеңке дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Нәтижесінде бітіруші түлектер өздеріне керекті жұмыс орындарымен танысып, оған орналаса алады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Қаримова іс-шараға келген жұмыс берушілерге алғыс айтып, түлектерді мансап жолындағы алғашқы қадамымен құттықтады.

– Түлектерді жұмысқа орналастыру – жоғары оқу орындары жұмысының маңызды көрсеткіші. Өткен жылы бітірген түлектердің жұмыспен қамтылуы 83% құрады. Бұл мамандардың жоғары сұранысқа ие екенінің дәлелі бола алады. Университет түлектерінің басым көпшілігі бүгінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосып, барлық өңірде білімін іс жүзінде дәлелдеп, өздерін мықты маман ретінде көрсетуде деп сеніммен айтамыз. Осы жылы 2692 адам оқуды аяқтайды. Олардың ішінде бакалавриат бағыты бойынша 2299, магистратура бағыты бойынша 383 және докторантура бойынша 10 түлек бар. Олармен жыл бойы университеттегі барлық білім беру бағдарламасының рекрутинг және мансап басқармасының мамандары тығыз жұмыс жасап келеді. Заманның тұтқасы – бүгінгі студент жастар. Ендеше, мансап жолындағы алғашқы қадамдарыңызға сәттілік тілеймін! – деді ол.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департамент басшысы Е.Мендәліев мемлекеттік қызметке орналасу туралы ақпараттар беріп, жұмысқа қабылдау барысындағы талаптар және бос жұмыс орындары туралы айтып өтті.

– Президенттің мемлекеттік қызметке кіруге артық кедегерлерді жою және одан шығу тәртібін жеңілдету туралы тапсырмасы бар. Мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру, «Б» корпусының лауазымдарына алғаш рет кіретін

немесе қайтадан кіретін адамдарды іріктеу, жұмысын бағалауға қатысты бағдар өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Өзгеріс негізінде ЖОО-ны мемлекеттік тапсырыс негізінде бітірген, 3,33 GPA көрсеткіші бар студенттердің «Б» корпусының жоғары емес лауазымдарына конкурстық, тікелей оқулетті органның келісімімен тағайындалатынын назарларыңызға ұсынып отырмын. Енді бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға барар тұста заңнама бойынша тест тапсырмайсыздар, жеке қасиеттерді бағалау бойынша тестілеуден өтпейсіздер. Бар болғаны уәкілетті органның келісімін алу арқылы тағайындала аласыздар. Өз кезегінде уәкілетті орган, яғни мемлекеттік қызмет істері департаменті біліктілік бойынша мамандықтың сәйкестігін қарап береді. Бұл бағытта бізде тәжірибе де бар. Бүгінгі күнге заңнама аясында ЖОО-ны аяқтаған төрт түлек мемлекеттік қызметкер лауазымына ие болды, – деді департамент басшысы.

Сонымен бірге облыстық еңбек мобильділігі орталығының жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қолдау мәселелері бойынша мониторинг бөлімінің басшысы А.Самыратов «Skills.enbek.kz», «enbek.kz» мемлекеттік ақпараттық порталдары туралы, жұмыс іздеуге қатысты ақпараттарды бөлісті. Айта кетейік, шараға 30-дан аса мемлекеттік және жекеменшік кәсіпкерлер, 600-ге жуық түлек қатысты. Жұмыс берушілер тарапынан бағаты бойынша 383 және докторантура бойынша 10 түлек бар. Олармен жыл бойы университеттегі барлық білім беру бағдарламасының рекрутинг және мансап басқармасының мамандары тығыз жұмыс жасап келеді. Заманның тұтқасы – бүгінгі студент жастар. Ендеше, мансап жолындағы алғашқы қадамдарыңызға сәттілік тілеймін! – деді ол.

Мамандық бойынша жұмыс іздеу мен жұмыс істеу – жастар үшін бүгінгі күннің басты мәселесінің бірі. Осы орайда Студенттер сарайында Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаменті, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бірлесуімен «Mansar Navigator 1.0» түлектерге арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Мамандық бойынша жұмыс іздеу мен жұмыс істеу – жастар үшін бүгінгі күннің басты мәселесінің бірі. Осы орайда Студенттер сарайында Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаменті, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бірлесуімен «Mansar Navigator 1.0» түлектерге арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

НАШАҚОРЛЫҚ

дерт пе, дағды ма?



Аймақ дерекқоз негізінде дайындаған Г.Өтенова

Нашақорлық – әлеуметке ортақ проблема, қоғамның дерті. Есірткі – бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Ол адамның есін алып, құмарлық жиілігіне ұшыратады, есірткісіз өмір сүре алмайтын халге түсіреді. Қазіргі кезде есірткіге қарсы күрес жүргізу үшін дүние жүзі мемлекеттері аянып жатқан жоқ. Соның ішінде еліміз де есірткіге қарсы күресте мемлекеттік саясат жүргізіп, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің бағдарламасын іске асыруда.

Грек тілінде ұйқы мағынасын білдіретін «narke» сөзі, ағылшын тілінде «narkotic» деген сөзге айналып, ұйықтау, жанысыздандыру, сезімсіздендіру деген мағынаны береді. Мамандардың айтуынша, нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер шаалдығады, алайда осы кезде ересектер арасында да есірткінің зиянын шегіп жүргендер баршылық.

Есірткі тұтынатындар саны 2010 жылмен салыстырғанда 22 пайызға артқан. Демографиялық өзгерістерге негізделген болжам 2030 жылға қарай есірткіні қолданатындар саны дүние жүзінде 11%-ға артады дейді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, нашақорлық – адамзат баласының денсаулығы мен елдің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін үлкен қатер. Ғасыр дертіне айналған есірткі, оны тұтынудың, оған тәуелділіктің алдын алу – бүгінгі күннің өткір мәселелерінің бірі.

Дертпен күрес қызметі

Бүгінде облыс тұрғындарына нашақорлық дертіммен күрес қызметін облыстық психикалық денсаулық орталығы құрамындағы 190 төсек-орынға арналған тәуелсіз және 10 төсек-орынға арналған күндізгі стационар, 4 БМСҚ ұйымындағы психикалық денсаулық орталықтары, Байқоңыр қаласы және аудандардағы 8 наркологиялық кабинет көрсетеді.

Осы жылдың 3 айының қорытындысымен облыс бойынша 879 науқас есепте тұрады. Былтыр есепті кезеңде бұл көрсеткіш 765-ті құраған. Нашақорлық бойынша науқастылық көрсеткіші былтыр 3 айда 91,8-ді көрсетсе, биыл 104,4-ті құрап отыр. Нашақорлықпен есепте тұрған әйелдер саны – 14. Бір қуанарлығы, бұл қорқынышты диагнозбен есепте тұрған жасөспірімдер жоқ.

Есепте тұратын нашақорлардың 1,1% -ы – апынқұмар, 62,6% -ы – гашишқұмар, 36% -ы – полинаркомандар, 0,11% -ы, яғни біреуі – синтетикалық есірткі тұтынушы.

Осы жылдың I тоқсанында нашақорлық диагнозымен 55 адам алғаш рет есепке алынса, алғашқы аурушандық көрсеткіші – 6,5.

– Медициналық куәландыру жұмысы барлық ауданда тәуелсіз бойы жүргізіледі. Биылғы I тоқсанда медициналық куәландырудан 3365 азамат өткізілді. Нашақорлықты ерте анықтау үшін жыл басынан 125 нар-

котест медициналық куәландыру барысында қолданылды. Олардың 52,8%-нан, яғни есірткілік масаң күйде 5 азамат анықталса, есірткі заттар тұтыну дәлелі бойынша 61 адам тіркелді. 190 төсек-орынға есептелген наркологиялық стационарда алғашқы тоқсанында 263 науқас емделіп шықты. Оның ішінде, маскүнемдікпен 233 (88,5%), нашақорлықпен – 30 (11,4%). Елімізде нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру бағытында 2024 жылдың I тоқсанында біршама іс-шаралар атқарылды, – дейді облыстық психикалық денсаулық орталығы директорының наркологиялық қызмет бойынша орынбасары Аман Тұрсынов.

Аталған орталық есірткі, психотроптық заттар мен алкогольді тұтынуға жол бермеу бойынша профилактикалық жұмыстарды тұрақты жүргізіп келеді. Нарколог, валолог, психолог мамандардың қатысуымен оқу орындарында, мәдениет үйлерінде дәріс сабақтары, семинар-тренингтер, түрлі дөңгелек үстелдер өткізіледі, наша-

қөшесі №52 мекен-жайдағы ғимараттағы 255 төсек-орынға есептелген наркологиялық стационары 65 төсек-орынға қысқартылып, 190 орынмен көшірілді.

Орталық сырқаттарға оңалту және диагностикалық шараларды жаңғырту үшін автоматты биохимиялық анализатор және микротолқынды терапияға арналған аппараттармен жабықталды. Емдеу – еңбек шеберханалары бар медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелерін ашып, Баймұрат батыр ауылындағы стационарға былтыр маусым айында қосымша 2,8 гектар жер беріліп, жалпы көлемі 5,6 гектарға жетті. Орталықтың әлеуметтік-медициналық оңалту бөлімшесін осы жылдың маусым айында ашу жоспарланған, – дейді Алмас Бөкенбайұлы.

Мамандар біліктілігі маңызды

Халыққа наркологиялық көмек көрсететін өңірлік ұйымдар үшін мамандарды жетекші шетелдік наркологиялық орта-

”

Нашақорлық – әлеуметке ортақ проблема, қоғамның дерті. Есірткі – бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Ол адамның есін алып, құмарлық жиілігіне ұшыратады, есірткісіз өмір сүре алмайтын халге түсіреді. Қазіргі кезде есірткіге қарсы күрес жүргізу үшін дүние жүзі мемлекеттері аянып жатқан жоқ. Соның ішінде еліміз де есірткіге қарсы күресте мемлекеттік саясат жүргізіп, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің бағдарламасын іске асыруда.

корлықтың зияны туралы ақпараттық ұнарақтар таратылады.

– Орталықтың психиатриялық және наркологиялық стационарлары типтік емес, мүмкіндігінше бейімделген ғимараттарда қызмет атқарып келеді. Мәселен, психиатриялық стационар Қызылорда қаласы Ғ.Мүсірепов көшесі №71 мекен-жайы бойынша 3 қабатты ғимаратта орналасқан. Ғимаратта 1973 жылы пайдалануға берілген, жалпы аумағы – 5915,4 шаршы метр. 2000 жылы облыстық психоневрологиялық аурухана теңгеріміне беріліп, бұл нысанның 70 пайызы тозығы жетіп, ғимаратты күрделі жөндеу үшін республикалық бюджеттен 1 209 461,20 мың теңге қаражат бөлінді. Күрделі жөндеу 2023-2024 жылдарға жоспарланып, қазіргі таңда негізгі ғимаратта құрылыс жұмыстары жүргізіліп, ауласы абаттандырылуда. Наркологиялық стационар Қызылорда қаласына қарасты Баймұрат батыр ауылындағы 3 қабатты ғимаратта орналасқан. Облыс әкімінің 2017 жылғы шешімімен облыстық наркологиялық орталықтың теңгеріміне берілген. 2017-2019 жылдары мұнда әлеуметтік-медициналық оңалту бөлімшесі ашылып жұмыс жасады. Бұл ғимаратқа 2019-2020 жылдары күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығына сәйкес, орталықтың Шүкіров

лықтарда оқытудың, даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың маңызы зор. Осы мақсатта биыл I-6 сәуір аралығында Санкт-Петербург қаласында Карвасарский атындағы медициналық психология және психотерапия институтында нарколог дәрігерлерге арналған «Химиялық және химиялық емес тәуелділікпен жұмыс жасау барысындағы психологиялық және психотерапиялық аддикцияны емдеудегі заманауи тәсілдер» тақырыбындағы семинарға дәрігерлер Е.Цой мен А.Теленова қатысқан.

Жалпы облыстық психикалық денсаулық орталығында 25 дәрігер, 10 психолог, 150 орта медициналық қызметкер, 1 фармацевт, 130 кіші медициналық қызметкер, 80 әкімшілік-шаруашылық және басқа да қызметкерлер, жалпы 396 адам жұмыс атқарады. Орталықта 5 стационарлық бөлімше бар. Атап айтқанда, маскүнемділіктен ерікті емдеу, нашақорлықтан ерікті емдеу, еріксіз емдеу және реабилитациялық оңалту бөлімшелері жұмыс істейді.

Денсаулық сақтау саласының міндеті – нашақорлықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу, есепке алынған науқастарды динамикалық бақылау және емдеу. «Дәни сау ұлт» ұлттық жобасын негізге ала отырып, нашақорлықтың алдын алу үшін жоғары

рыда айтып өткеніміздей, профилактикалық шаралар жүйелі түрде атқарылады.

Есірткі қылмысымен күрес қарқыны

Нашақорлықпен күресте қаншама ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқанымен, ұлт болашағына қауіп төндіретін ғасыр дерті толастамай тұр. Денсаулық сақтау саласы дертпен күресіп әлекке түссе, полиция қызметкерлері есірткі қылмысына қарсы тосқауылды күшейтіп бағуда. Өйткені есірткімен күрес – ортақ міндет.

Жоғарыда Президенттің ғасыр дертімен күрес туралы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзін келтірдік. Онан бөлек, Мемлекет басшысы жыл басындағы Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында еліміздегі есірткі қылмысына қарсы тосқауылды күшейтуді тапсырған болатын. Бұл бағытта жұмыстар барлық өңірде жанданды.

Қызылорда облысы табиғи климаттық жағдайы жоғары сапалы марихуаны дайындауға қолайлы аймақ болғандықтан, республикамыздың басқа аумақтары және ТМД елдерінің есірткі курьерлеріне қызығушылық тудыратыны анық.

Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, биылғы алғашқы тоқсанда 60 есірткі құқықбұзушылығы анықталған. Оның ішінде 9 есірткі өткізу, 1 есірткі жарнамалау, 1 есірткі өсіру дерегі бар. Зансыз айналымнан 9 келі 525 грамм есірткі заты алына, оның 24,292 грамы синтетикалық есірткі заттары.

– Жүргізілген жедел іздестіру шаралары барысында ұй ауласындағы жылжыпайтан сора өсімдігін өсіріп, марихуана өндірген қала тұрғыны құрықталып, фито-зертхана анықталып, тінту барысында 214 түп сора өсімдігі мен 5 келіден аса марихуана және гашиш заттай дәлелдемелері алынды. Биыл әлеуметтік желіге мониторинг жүргізу барысында «Киберкадағалау» ақпараттық жүйесіне синтетикалық есірткіні жарнамалайтын 30 сайт енгізіліп, бұғаттауға ұсыныс берілді. Есірткінің синтетикалық түрін анықтау мақсатында жүргізілген жедел іздестіру іс-шараларының нәтижесінде «Меф» және «а-PVP» синтетикасын аса ірі мөлшерде тасымалдаудың 2 дерегі анықталып, Қызылорда, Ақмола және Ақтөбе облыстарының тұрғындары ұсталды. Сонымен қатар, адам ұрлау және бопсалау деректері де анықталып, қазіргі уақытта тергеу-тексеру амалдары жүргізілуде, – дейді облыстық полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Темірхан Ахмет.

Қызылорда облысында табиғи ерекшелікке байланысты көбіне жасырын есірткі алқаптары кездеседі. Жыл сайынғы жарты жылға созылатын «Қарасора» жедел-профилактикалық іс-шарасы кезінде есірткі бапталған орындар әшкерә болады. Тәртіп саясиылары аймақтағы ахуалды тікұшақпен бақылап, күдікті орындарды іздәйді. Каннабистік өсімдіктен таралатын есірткі түрлерін орта жастағылар жиі тұтынса, жастар синтетиканың сонында.

Синтетикалық есірткі схемасы еліміздің бір өңірінде гана емес, барлық аймағында осы үрдіспен жүргізіледі. Есірткі қылмысына тосқауыл табанды түрде жүргізілсе де, жеңіл ақшаға құныққандар айналымның жолын толықтай бөгеге мүмкіндік берер емес.

Халқымызда «ауру қалса да әдет қалмайды» деген сөз бар. Мамандар есірткіқұмарлықты ауруға жатқыза, кейбіреулер дағды деп атайды. Екі пікірге де илануға болады. Құмарлықтан туған әрекет тәуелділікке айналып, ол ауруға ұласады. Күнделікті доман татып жүрген сон дағдыға айналары сөзсіз. Ауруды емдеп жазуға болады. Алайда есірткіқұмарлықтан айығу өте қиын. Сонда нашақорлық дерт пе, дағды ма? Қалай болғанда да ұлт болашағына қауіп төндіретін ғасыр дерті табанды күресті қажет етері хақ.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Өткен жылы Байқоңырдағы білім беру саласында елеулі өзгеріс болды. Облыс әкімдігі мен жауапты министрлік Байқоңыр қаласының 2023-2026 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамыту бойынша жол картасын бекітті. Бұл қадам бұрын қолға алынған жобаларға серпін беріп, кейінгі бастамалардың жарыққа шығуына түрткі болғанын білеміз. Ендеше «жұлдызды қалашықтағы» білім жайына көз жүгіртіп, саладағы жаңалықты саралап көрелік.

Негізгі басымдық – жол картасында. Келісімге сәйкес, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 29 іс-шара жүзеге асады деп жоспарланған. Оның ішінде білім жүйесін жаңарту, педагогтардың біліктілігін арттыру, оқушыларды отандық ғылыми шараларға қатыстыру, ел аралық байланысты нығайту бағытындағы маңызды міндет бар. Бүгінде мұның біршамасы жүзеге асты, кейінгі жобалар кезең-кезеңге бөлінген.



Өзгеріске бір қадам

Есте болса, осыдан 10 жыл бұрын Байқоңырдағы мектептерді қазақстандық білім беру стандартына көшіру басталды. Оның себебі де жоқ емес. Сол кездегі аймақ басшысы, қоғам белсенділері де байқоңырлық балалардың идеологиялық бағытына алаңдаушылық білдіріп, ел болашағы үшін олардың отандық білім стандартымен сусындауы керектігін алға тартқан. Екі жақты келіссөздер нәтижесінде санаулы мектеп Қазақстан тарапына беріліп, педагогикалық жүйе қайта қаралды. Білім беру нысандарының шығыны, материалдық-техникалық жабдықты түгендеу, оқулықпен қамтуда бюджеттен миллиондап қаржы бөлінген болатын. Бастысы, мектептерде қазақ тарихы, қазақ тілі секілді пәндер оқытылып, ел азаматтарының еңсесі көтерілген еді.

Қазір дәстүрлі жүйе жалғасын тапқан. Қазақстанға қарасты бес мектеп берілген мүмкіндікті пайдаланып, қаржыны шашпау шығармай пайдаланып отыр. Оқушы жетістігі мен мұғалімдердің кәсіби деңгейі жылдан-жылға ұлғаяды. Шәкірттердің жоғары оқу орнына түсуі мен ҰБТ-ға қатысу көрсеткіші де жоғары. Мұндағы жүйені қадағалау Қармақшы аудандық білім бөліміне міндеттелген. Сондықтан сұрау бар, талап бірдей.

Тақырыпқа орай облыстық білім басқармасына Байқоңырдағы оқушы саны мен алдағы жоспар жайы туралы сұрау жолдаған болатынбыз. Ресми жауапта салада атқарылған жұмыс жайы толық қамтылыпты.

– Байқоңыр қаласында Қармақшы аудандық білім бөліміне қарасты 5 мектеп орналасқан. Олар – №272, №273, №274, №275 орта мектептері мен №277 мектеп-лицейі. 2023-2024 оқу жылындағы мәліметке сәйкес, қазақ тілінде оқытатын мектептерде 5404 оқушы білім алуда. Сондай-ақ мектепке дейінгі 2 мемлекеттік және 3 жекеменшік білім беру ұйымы жұмыс істейді. Бөбекжайларда 1000-ға тарта бүлдіршін бар, – делінген басқарма мәліметінде.

Түлекке тірек – ҰБТ

Байқоңырдағы мектептер жергілікті сұранысқа толық жауап бере алады десек, артық

БАЙҚОҢЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ

емес. Себебі мұнда үстеме оқушы қабылдау, орын жетіспеу секілді мәселе аз. Білім беру нысандарының сапасы да қанағаттанарлық деңгейде. Алды 1961 жылы пайдалануға берілсе де күтіп ұстау, күрделі жөндеу мұқият жасалған. Билік 2013 жылы жаңа оқу ғимаратын салып, №277 мектеп-лицей базасын қалыптастырған болатын.

Нәтиже көп күттірмеді. Әр оқу жылында оқушылар жетістігі көбеюде. Әсіресе, түлектердің ЖОО-ға түсуі мен жұмысқа орналасу көрсеткіші жақсарған.

– Биыл 183 түлек қазақстандық білім беру стандартына көшірілген мектепті бітіреді. Оның 179-ы ҰБТ-ға қатысуды деп жоспарланған. Сондай-ақ аталған мектептерде үздік аттестатқа 11, «Алтын белгіге» 5 үміткер тіркелген, – деді Қармақшы аудандық білім бөлімінің Байқоңырдағы сектор менгерушісі Жадыра Алданова.

Өткен жылы ҰБТ-ға ҚР мектептерін бітіруші 206 түлектің 190-ы қатысқан. Соның ішінде 155 түлек мемлекеттік білім грантын иеленсе, 27-сі ақылы негізде білім алуда. Арнайы және кәсіптік білім беру ұйымдарын таңдағандар да кездеседі. Сондай-ақ бір оқушы облыс әкімінің білім грантын иеленген.

Айта кетейік, «Қызылорда облысы Байқоңыр қаласының білім беру жүйесін дамытудың жол картасының» түлектерге ұсынған мүмкіндігі жетерлік. Министрлік жүзеге асыратын 30-ға жуық іс-шара ішінде оқушылардың қазақстандық ЖОО-ға түсуін ынталандыратын бастама бар. Оған қоса қаладағы ресейлік ЖОО филиалдарымен байланыс күшейді. Түлектер алысқа бармай, сол жақта білім алуына жол ашық. Бүгінде Мәскеу авиация институтының филиалы, Челомей халықаралық ғарыш мектеп-лицейі жұмыс істеп тұр.

Әрине, мемлекет мүмкіндікті ақылға қонымды ереже шеңберінде ұсынатыны түсінікті. Түлектер ол үшін талапқа бағынуы керек. Мәселен, «Қазақстан тарихы» – ҰБТ-да мін-

детті пән. Оны оқымаған оқушы білім грантына үміткер болуы қиынсыз. Үкіметаралық комиссия отырысында бұл мәселе қалыс қалмаған.

–2022 жылы Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының 8-отырысы өтті. Онда Байқоңыр қаласындағы РФ білім беру стандарты бойынша білім беретін мектептерде Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін факультатив ретінде оқыту мәселесі қарастырылған. Үкіметаралық келісімді орындау мақсатында Байқоңыр қаласы әкімшілігі, қалалық білім

пәндерін оқыту ісінде тағы байқалды. Ата-ананың көбі аталған пәндерді оқыту-оқытпау жан-жақты келісім аясында орындалса деген тілек білдірген. Жағдайды бағдарлау мақсатында жүргізілген мониторинг те ахуалды растап отыр. Сауалнама бойынша, басқа мектептерде оқушылар мен олардың ата-аналары мектептен тыс жұмыстардың басқа бағыттарға арналғанын қалайды екен. Көбі мемлекеттік қорытынды аттестацияға дайындық, шет тілдерін меңгеру, спорттық және патриоттық тәрбиеге басым-

қазақстандық білім жүйесіне ілесе алуына күдікпен қарағаны есімізде. Жауапты министрлік мұның жолын тауып, қайта даярлау курсына жүйелі жүргізді. Бүгінде қаладағы қазақ мектептеріндегі мұғалімдердің білім сапасы тұрақты бақылауда.

Қазақстан стандарты бойынша білім беретін педагогтардың 98 пайызы өз пәндері бойынша қайта даярлау курстарынан өткен. Басшылық лауазымдар бойынша да ұдайы қаладағалау жүргізіледі. 2022 жылы біліктілік арттыру курстарынан 101 педагог өтсе, өткен жылы 81



басқармасының басшысымен өзара кездесулер өткізіліп, ата-аналардан сауалнама алынды. Нәтижесінде 2023-2024 оқу жылында Байқоңыр қаласы М.Янгель атындағы №7 мектептің 5-9 сыныптарына «Қазақстан тарихы» пәні вариативтік компонент есебінен аптасына 1 сағаттан оқытылуда, – деді облыстық білім басқармасы мамандары.

Әйткенмен әлі де болса халықаралық қатынасқа жігі қарау маңызды. Мұны Байқоңырдағы орыс мектептеріне Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті

дық беру керектігін жеткізген. Қазақстан тарапы да іске байыппен қарап, қос мемлекет азаматтарының құқы әрқашан сақталатынын білдіріп, таңдауды бала мен ата-ана еншісіне қалдырған.

Үстаз тағылымы

Байқоңырдағы кей мектеп отандық стандартқа көшкелі білім сапасына алаңдаушылық білдіргендер болды. Көбі педагогтардың кәсіби деңгейі мен

педагог біліктілік арттырған.

Аудандық білім бөліміне қарасты Байқоңырдағы сектор мәліметіне сүйенсек, аталған мектептегі 576 педагогтің 97 пайызы – жоғары және қалғаны – арнаулы орта білімді. Кәсіби санаттағылардың сапалық құрамы біршама жақсарған. Қазір 71 пайызында кәсіби біліктілік санаты бар, білім беру ұйымдарында 176 педагог сарапшы, 162 педагог-модератор қызмет атқарауда. Демек, ұстаздардың білім деңгейіне талас жоқ.

3000 оқушы Днұран шырқады

Ерекше статусы бар қалада елдік белгісін білдіру – өскелең буын үшін ғана емес, бүгінгі бірлікке де керек қадам. Әсіресе, мұны ұғындыру мен жеткізу шебер саясат пен салқын ақылды қажет ететіні сөзсіз. Себебі ұлттық идеологияның нәзік тіні ұлтаралық алауыздықты тудырмай, бірлігі жарасқан елдің жолына жетелеуі қажет-ақ. Осыны ұғынған байқоңырлық жастар бірлесіп әрекет етуде. Мысалы, жуырда Мемлекеттік рәміздер күнін 3000 оқушы Байқоңыр

қаласында Қазақстан әнұранын шырқап, ұлттық рухтың көрінісін байқатты.

Айтулы шараның рухани, саяси астары терең. Әсіресе, достық пен ынтымақты ұлықтап, қос елдің қадірі мен мәртебесі тең екенін білдіретін ишара десек болатындай. Шараны ұйымдастыруға дәнекер болған облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай мен Байқоңыр қалалық Жастар ресурстық орталығы мамандары да идея мәнін осылай түсіндірді.

– Рәміздер – елдігіміздің ұраны, отансүйгіш қасиет бастауы, мақтанышымыз. Осы орайда Байқоңыр жұртшылығы мерекені ерекше салтанатпен атап өтті. Қала жастары бір мезетте Мемлекеттік Әнұранды шырқап, «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышым» акциясы ұйымдастырылды. Орталық алаңдағы шараға 3000 оқушы қатысты. Нақтырақ айтсақ, Байқоңыр қаласы, Төретам кенті мен Ақай елді мекендерінен 10 мектептің оқушылары жиналды. Бәрінің мақсаты – рәміздерді қастерлеу, мемлекетшілдік ұстанымды айшықтау, – деді Байқоңыр қалалық Жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Индира Қабатова.

Айта кетерлігі, бұл – жуырда тұған жоба емес. Мемлекеттің жүйелі бастамасының жалғасы. Шара Байқоңыр жастарын қолдауға бағытталған 2022-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары аясында өткізілген. Ресей тарапына алдын ала хабарланып, шараға қатысатын оқушыларға қалаға кіру рұқсат қағаз әзірленіпті. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп директорлары мен мұғалімдер тұрақты бақылау жүргізген. Келенсіз жағдай орын алмау үшін РФ полиция қызметкерлері, өрт сөндірушілер және медицина қызметкерлері тұрақты қызмет көрсеткен.

Тәртіп бақылауда

Жасыратыны жоқ, Байқоңыр жастары десе тәртіпсіздік еске түседі. Әлеуметтік желіде бір-бірін қуалай төбелескен мектеп оқушыларын ара-тұра көретіміз бар. Кейінгі жылдары мұндай оқиғаның алдын алу мақсатында қаладағы жастармен жұмыс қарқын алған. Педагогтер РФ Ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп ата-аналар жиналысын өткізу, жадынама тарату ісін жолға қойған. Жасөспірімдер құқық-бұзушылығын азайту үшін түрлі профилактикалық түсіндірме жұмыс өткізу дәстүрге айналды.

Әрине, баланың қолы бос болса, қатер де артады. Қолайсыз ортамен жүргені, жағымсыз әдетке әуес болуы да – қараусыз қалғанның кесірі. Міне, сондықтан биыл байқоңырлық оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру жоғары деңгейде. Лагерьлер жасакталып, еңбек бригадасы құрылған.

– Байқоңыр қаласы бойынша 115 оқушы сыртқы лагерьге, 1911 оқушы мектеп жанындағы лагерьге, 555 оқушы көркейтүү-қоғалдандыру бригадасына, 266 оқушы еңбек бригадасына, 1107 оқушы спорттық лагерьге, 322 оқушы дебат лагерьге жіберілді. Ал 791 бала экскурсияға аттанса, 24 бала демеуші есебінен демалатын болады, – делінген білім бөлімінің мәліметінде.


Ресми ақпараттан түйгеніміз, оқушылардың көбі Байқоңырда уақыт өткізеді. Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамыту орталығы, қалалық мәдениет сарайы, балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі, ауалық клубтардың үйірмелері, спорттық-сауықтыру орталығы секілді мекемелер жұмысы жанданбақ. Оның үстіне биыл Байқоңыр жастары үшін «Жасыл ел» еңбек жасағына 150 квота берілді.

ТҮЙІН. «Жұлдызды қалашықтағы» білім беру үрдісінде ілгерілеу бар. Жаңалық пен өзгеріс те басым. Мұның барлығы білім сапасын жақсартып, жасампаз буынның қалыптасуына ықпал етері сөзсіз.

Ерсін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»,
Қызылорда-Байқоңыр-Қызылора



ЕРЕН ЕҢБЕГІМЕН ЕЛ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНГЕН



Халқымызда «Еңбек ер атандырады» деген даналық сөз бар.

Шындығында алдына табанды мақсат қойып, талмай еңбек етсе, адам баласының алмайтын асуы жоқ. Ақын А.Тоқмағамбетов атамыз айтқандай, атақ та, даңқ та, ерлік те, жеңіс те, барлығы адал еңбекпен келеді. Сонау соғыс жылдарында тың дала төсіндегі қажырлы еңбегімен қайраткерлік деңгейге көтеріліп, халықтың құрметіне бөленген Социалистік Еңбек Ері Көлжан Оразалиеваның туғанына биыл 100 жыл толып отыр.

Ол 1924 жылы Қазалы ауданындағы бұрынғы Калинин, қазіргі Ғ.Мұратбаев атындағы ауылда дүниеге келген. Ауылдағы жетіжылдық мектепте білім алып, еңбекке ерте араласты. 1945 жылдан бері күрші өсірушілер звеносының жетекшісі болып, жастарды диканшылыққа үйретті. Соғыс аяқталып, ел ішіне тыныштық орнады. Әйтсе де тылдағы тіршілік бір сәт те толастаған жоқ. Еселі еңбектің нәтижесінде дикан қауым ауыл ғана емес, аудан, облыстың экономикалық ахуалын көтеруге атсалысты.

Ауыл шаруашылығын өркендетуге қосқан еңбегі ерекше бағаланып, 1948 жылы КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Көлжан Оразалиеваға «Социалистік Еңбек

керткіші алдына келгенде әжесінің ерек болмысын үлгі тұтып, тағзым еткен немересі Айнуір Оразалы тебіреністен туған жыр шумақтарында былайша ойын түйіндеген екен:

— Ерлерше суды кешіп,
Балақ түрдің,
Елге батыр атанып,
Санат құрдың.
Қолыңнан ұстап жүр ем
Кеше ғана,
Ал бүгін мүсініңе
Қарап тұрмын.

Ақ әжем, ісін нұрлар
Әдіппенен,
Жұлдызың еңбегіңмен
Жаныпты ерен.
Мәңгілік атың қалды
«Батыр» деген,
Жаңғырып, жазулы алтын
Әріппенен.

листік Еңбек Ерімін» деп, ешбір партия, совет органдарының есігін қағып, өтініш айтпаған. Осындайда «Қайран біздің аналар арды ойлаған» деген қазақтың асыл сөздері еске түседі, — дейді күйеу баласы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Ибадулла Таутонов.

Шәкірті Базарқұл Танжарықованың естелігінде қажырлы еңбегінің арқасында ел құрметіне бөленген қайраткерді ұстаз тұтқаны айтылады.

— Көлжан апаймен бірге алпысыншы жылдары колхоздың егін шаруашылығында, күріш, бидай, арпа, жүгері өсіруде қатар жүріп, көп нәрсені үйрендім. Социалистік Еңбек Ері болса да қатардағы колхозшымен бірдей еңбек ететін. Ол кезде ауыл шаруашылығында техниканың аз кезі, егіске су әкелу үшін арық-арналар қолдап кетпен, күреппен қазылатын. Колхоз аумағындағы «Дуқазған», «Ақарық», «Алтай», «Құрманайарық», «Қырғызарық» жұмысшылар колмен қазып, егін өсірді. Осы жұмыстарда ол кісі ер азаматтармен бірдей ерен еңбек үлгісін көрсетті. Сол еңбегінің арқасында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Социалистік Еңбек Ері атанды. Әлі күнге дейін Көлжан апайдың суреті Мәскеуде Бүкілодақтық Халық шаруашылығы көрмесінде тұр, — дейді ол.

«Ерінбеген етікші болады». Күндіз архивті аударып, түнде көз майын тауысып тарихтың актандағы оқырман қауымының алдына тартты. Сонау қазақтың соры болған алапат аштықтың, онан кейінгі қуғын-сүргін зобалаң тұстарды қамти отыра, кешегі кеңестік кездегі ұлтқа жасалған қиянаттың қиымын түсірмей бүгінгі ұрпаққа жеткізуге осы біздің Сәкен, Сағат аға...

Лық толған автобусқа мінгендер бір-біріне ыяқ тіреп тұр. Кейде ол кілт тоқтағанда немесе бұрыла кеткенде бірінші үстіне бірі құлай жаздағандай бір-бірін тірей қалады. Іші қапырық, қысылып-қымтырылып келе жатса да қабақ шытпайды. Бірақ автобустан түскесін онысын адамдар ұмытып кетеді. Өмірде де адамдар солай бір-біріне сүйеу,

АЛЫСҚА ҚҰЛАШ СЕРМЕГЕН

— Ойы терең екен, — деп қуанды әжесі өзі сөйлескен адам үйден шығып кеткесін. Оған баласы елен ете қалды.

— Әке, үнемі сіз осы сөзбен қоса кейде «Ой, жаңағының ойы тайыз екен» деп отырсыз. Неге адамдарға «терең, тайыз» деп суга айтылатын теңеуді қолданасыз? — деді.

Әжесі кейін баласын теңізге ертіп апарды.

— Қарашы, балам, қарашы, теңіздің тереңі қай тұс, тайызы қай тұс?

— Әрине, әке, бұырқанып, толқыны ұрып, шулап жатқан жер терең ғой.

— Жоқ балам, таппадың. Керісінше, тайыз жердің шуы көп, толқыны қатты, алуынды болады. Ал терең жер тып-тыныш, білдірмей толып ағып, үн-түңсіз сырғып жатыр, — деген екен.

Сағат Жүсіп көкеміздің де өмірі сол теңіздің терең жері сияқты. Толып ағып, үн-түңсіз сырғып жатыр. Әжесі Есмахан жаны сірі, бейнеткеш, мықты кісі болды. Артық әңгімесі жоқ, ауыр жұмыстың мойындығын киген, самурайдай қайтпас қайсар мінезді еді.

— Балам, егер біреу бір нәрсені ойнап сұраса, сен оған шындап жауап бер, — деп құлағына күйіп өтті. Сәкен солай тәрбиеленді, өмірге өз-өзін солай шындады. Шындықты сүйді, әділеттілікті аңсады. Сонан болар өмір жолы қиын болды. Өйткені шындықтың жолы тым алыс, шырғалаң. Оған жеткенше алдыңнан жығар оры аз емес. Әжесі тура жолдан тайыма деп үйретті. Сонда шешесі «Турашылдығы туғанына жақпай, шындықтан тәптірші көрмесің. Өмір жолына кес, ауырлық жүрегіне қазу салмаса» деп күрсінетін.

Сол ұстанымның туралығы ма, қайсарлығы мен өжеттілігі, намысы, абыройы асу алдырмас биікте болды. Теңіздің тереңідей ғұмырында үнсіз ағып-ақ, қыруар шаруаны тындырды. Бүгін сексенге келіп отырған Сағат Жүсіп 20-дан аса кітаптың авторы. Жан-жақты бағыттағы жанрларды қамтыған шығармалары — ақиқаттың алдаспан қылышындай, өткір тарихи деректерді қаузаған, өміршең дүниелер.

«Ерінбеген етікші болады». Күндіз архивті аударып, түнде көз майын тауысып тарихтың актандағы оқырман қауымының алдына тартты. Сонау қазақтың соры болған алапат аштықтың, онан кейінгі қуғын-сүргін зобалаң тұстарды қамти отыра, кешегі кеңестік кездегі ұлтқа жасалған қиянаттың қиымын түсірмей бүгінгі ұрпаққа жеткізуге осы біздің Сәкен, Сағат аға...

Лық толған автобусқа мінгендер бір-біріне ыяқ тіреп тұр. Кейде ол кілт тоқтағанда немесе бұрыла кеткенде бірінші үстіне бірі құлай жаздағандай бір-бірін тірей қалады. Іші қапырық, қысылып-қымтырылып келе жатса да қабақ шытпайды. Бірақ автобустан түскесін онысын адамдар ұмытып кетеді. Өмірде де адамдар солай бір-біріне сүйеу,



қиналғанда, құламақшы болғанда тіреу болса ғой шіркін! — дейді ол.

Сәкеннің бір рахат, ләззат алатын хоббиі бар. Қиналған жанның қасынан табылу, оның қашаннан қанына біткен қасиеті сол. Өз қалтасы жұқа болса да, қиыншылыққа түскен жанға қол ұшын беру басты парызы іспетті. Өйткені өзі сондай тауқыметті көп тартқан жан. Сөйтсе де өз жүрегіне өзі «бергенді ұмыт» дейді. Ал өзіне біреу қиналғанда жәрдемдесе, кейін қиналып жүрген өзге жанды тауып сол көмектің қарымтасын қайтарады. Үйіндегі қалың қара дөңгелек оқыған «Ертең пәленшенің көңілін сұрау керек, пәленшеге он кітап апарып беру керек, пәленшенің туған күні, істі болған адамның, ауру-ханаға түскен жанның артынан тамақ апарып беру керек, пәлен кітапханаға пәлен кітап апарып өткізу керек» деген жазбалардан көз ашпайсыз. Шетел классиктерінен бастап, бүгінгі жас қаламгерлердің туындыларынан тұратын кітап қоры 4,5 мыңға жуық. «Кітапханасы мен бағы бар адамға, басқа байлықтың қажеті жоқ» деген принципті қатты ұстанған.

Ал өмір бойы жазып келе жатқан күнделігіне үйлесім, бүкіл өмірі, сол жазбада. Адамгершіліктің ақ туын желбіретіп тұрғандай. Пенделіктен ала әкелең, кімге де жақсылық жасауға ұмтылып тұратындығын көресіз.

Аударманың хас шебері де Сәкен! О кісінің қолынан шыққан «Мағұлымат», «Сыр жолбарысы», «Тас үстіндегі үрей», «Мәңгіртстан» сияқты аударма кітаптары оқырманның сұранысына көбірек те болғандығы да соның айғағы. Тілі түсінікті, желісі қазақы. Ал «Ашаршылық ақиқаты» ол болса да тарихи-қасиеттәме. Алда «Ашаршылық ақиқатының» үшінші кітабы баспадан шықпақ.

Жазушы десек, шығармасы көп. Ол жағынан мәліметтер тізіп, алға тартсақ, өзінше бір-бір дастан. Журналшы десек, республикалық, жергілікті мерзімді басылымдарда кезінде жарияланған әртүрлі бағытта жазған мақала, эссе, публикациялары ұшан-теңіз. Тарихшы десек, сонау Қоқан хандығынан бастап Ақмешіттің сол кездегі болмысын сол күндегідей көз алдымызға қайта әкеліп жазған да осы Сәкен. Саясаткер десек,

елдің демократиялығын сауатты түрде дамуына үлес қосқан жұмысы бір төбе. Тәуелсіздіктің, азаттықтың құны қымбат екенін айтып, алғашқы жылдардан бастап қалам тербеген де осы Сәкен. Қаншама мақала, зерттеу жазбаларының ұзақ саны 700-ден асады екен. Шетелдік тәжірибелерге сүйеніп, қазақи менталитетімізді ескере отырып ұлттық қалыпта жазған бұл материалдарының да болашағы зор.

Өлкетанушы десек, қолына түскен көне жәдігерлерді жинап, облыстық музейге тапсырады. Қай жерде ескі зат көрсе, өз ақшасына сатып алса да табанда жүреді. «Бір үйде ескі дйірмен тұр, соны ақп музейге өткізудің реті келмей жүр» деп қиналғанын талай естіем. Сәкен ешнәрсеге «Бұл менің шаруам емес» деп бей-жай қарамайды.

Қызылорда қаласының 200 жылдығы қарсаңында ұсынған «Қызылорда қаласының тарихы» атты шығармасы — архив түбінде көміліп қалған шежірелердің шаңын қағып, жарқыратқан дүниесі. Өлкетанудағы көпшіліктің тісі бата бермейтін, інемен құдық қазғандай еңбегінің жемісі. «Бір-қазан», «Талсуат» деректі кітаптары да белгілі деректерге толы.

Сағат ағаның бір қағидасы, өмірлік ұстанымы бар. Ол «адам табытта ғана қауқарсыз, қалған кезде оның өмірі күрес» болуға тиіс дейді. Бүгінде бірінші топтағы көз мүгедегі болса да шахмат, дойбыдағы жарыстан қалмайтыны да сондықтан. Бұл қырыл ол кісі «ми шынықтыру тәсілі» дейді. Дойбыдан спорт шебері. Сәкен көз мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында өтетін додаларда талай рет чемпион атанды. Дойбының майын ішкен республикалық деңгейдегі шеберлерге дес бермей, осы спорттың түрінен облыс намысын қорғап жүр.

Айтпақшы, осы жерде сөз кезегі келгенде айта кетейік, тұңғыш рет дойбыдан КСРО спорт шебер атағын алған жарыссыз бала кезден зағип Бақ Иманалиев туралы кітап жазған да осы Сәкен «Қамыстыбақ» ауылынан шыққан жарық жұлдыз» деген мақалаға Бақтың спорт жетістігі адами тұрғыдан алғанда табиғи ерекшелік табиғи феноменге пара-пар екендігін арқау етті.

Бірде: — Сәке, алысқа құлаш сермеген адам сіздей-ақ болар, — дедім. — Асыра мақтаған сөз. Солай болғанның өзінде жақынға қолым жетпей жатыр. Көз нашар жазудан қалып барам. Мен үшін дүниедегі ең жаманы жазбаған кырыл екен.

Алатаудың басындағы мәңгі ерімес аппақ қардай ақ шашы Сәкен ағамның елі үшін, жері үшін, ұлтына қылған қызметінің символындай. Бекер ағармаған шашта көп сыр жатыр. Бұл тек біздің әңгімеміздің бір ұшытығы ғана

Самат БАЙМАХАНОВ,
журналист



Ері» атағы беріліп, «Ленин» ордені қоса тапсырылды. Атақты дикан 1951-1955 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, одан кейін бірнеше рет Қазалы аудандық кеңесінің, Калинин ауылдық кеңесінің депутаты болып сайланды. Осы жылдары қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге өз деңгейінде үлесін қосты.

1966 жылы «Қазақ КСР Ауыл шаруашылығына қосқан үлесі үшін» медалімен, 1970 жылы «В.И.Лениннің туғанына-100 жыл» мерекелік медалімен марапатталса, 1972 жылы «Қазақ КСР Ауыл шаруашылығының үздігі» атағы берілді. 1974 жылы зейнет жасына келіп, дербес зейнеткер атанып, «Ардагер» медалімен марапатталды.

Елге жасаған еңбегі бағаланып, өзі туып-өскен Ғ.Мұратбаев ауылындағы бір көшеге оның есімі берілді. Отбасында 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан немере-шөбере сүйді. Аяулы ана, ардақты жан К.Оразалиева 1995 жылы дүниеден өтті. Қазір Қызылорда қаласындағы «Мәңгілік алау» алаңында орнатылған ескерткіш тақтадағы Еңбек Ерлерінің қатарында Көлжан Оразалиеваның да есімі тұр. Сонымен қатар, Әйтеке би кентіндегі «Жеңіс» саябағында ескерткіші қойылған. Осы ес-

— Апамды (енем Көлжан Оразалиева) алғаш көргенім дәл бүгінгідей есімде, 1983 жылдың қараша айы болатын. Кешке қалыңдығым Бибіжан жұмыстан шыққан соң «Қызылордадағы санаторийден Қазалыға қайтуға жиналған анамды поезға отырғызуға барамыз» деді.

Түнгі 12-нің шамасында үшеміз вокзалдың күту залында отырмыз. Ол кісі сөзге саран ба, әлде қызына сенімді ме, мені сөзге тарта қойған жоқ. Мен «қай жақтансың?», «руың не?», «ата-анаң қайда?», «өзің не жұмыс істейсің?» деген сұрақтарды күткенмін. Алайда, ондай «жауап алу» болған жоқ, жаймен әртүрлі тақырыптарда әңгіме айтып отырдық.

Үйлену тойымызды өткізгеннен соң, бес айдан кейін бір топ ағайынымызбен, анам бастап, сәлем беріп енеміздің қолынан дәм таттық. Менің ата-анам және енем замандас, құрда болғандықтан әңгімелері жарасып, тату-тәтті сыйластықта өмір сүрді. Сол уақыттан бастап 1995 жылы дүниеден өткенінше анамызды құрметтеп өттік. Әрбір жетістік, жақсы істерімізбен ата-аналарымызды қуантуға тырыстық.

Өмірдің ашы-тұщысын көп көргеннен бе екен, өте қарапайым болатын. «Мен — Соци-

Апамды (енем Көлжан Оразалиева) алғаш көргенім дәл бүгінгідей есімде, 1983 жылдың қараша айы болатын. Кешке қалыңдығым Бибіжан жұмыстан шыққан соң «Қызылордадағы санаторийден Қазалыға қайтуға жиналған анамды поезға отырғызуға барамыз» деді.

Түнгі 12-нің шамасында үшеміз вокзалдың күту залында отырмыз. Ол кісі сөзге саран ба, әлде қызына сенімді ме, мені сөзге тарта қойған жоқ. Мен «қай жақтансың?», «руың не?», «ата-анаң қайда?», «өзің не жұмыс істейсің?» деген сұрақтарды күткенмін. Алайда, ондай «жауап алу» болған жоқ, жаймен әртүрлі тақырыптарда әңгіме айтып отырдық.

Үйлену тойымызды өткізгеннен соң, бес айдан кейін бір топ ағайынымызбен, анам бастап, сәлем беріп енеміздің қолынан дәм таттық. Менің ата-анам және енем замандас, құрда болғандықтан әңгімелері жарасып, тату-тәтті сыйластықта өмір сүрді. Сол уақыттан бастап 1995 жылы дүниеден өткенінше анамызды құрметтеп өттік. Әрбір жетістік, жақсы істерімізбен ата-аналарымызды қуантуға тырыстық.

Өмірдің ашы-тұщысын көп көргеннен бе екен, өте қарапайым болатын. «Мен — Соци-

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«Банк ЦентрКредит» АҚ «21» маусым 2024 жылы ұлғайту және төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді / АО «Банк ЦентрКредит» проводит торги по продаже залогового имущества «21» июня 2024 года на повышение и понижение.

№ р/п/п/п	Объектінің атауы/Наименование объекта	Орналасқан орны/Место нахождения	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы/Стартовая цена	Кепілдік жарна/Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	3-х комнатная квартира/ 3 бөлмелі пәтер	г.Қызылорда, ул.Г.Мұратбаева д.18, кв.48 Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі 18 үй, 48 пәтер	общей площадью – 61,7 кв.м., жилой площадью – 47,2 кв.м., жалпы алаңы – 61,7 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы – 47,2 ш.м.	7 869 218тенге/тенге	393 460.90 тенге /тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізуден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК КЗ21856000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі 54.

Сауда-саттық басталауын уақыт ЛОТ 1 – 15 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Туяқбаева А.А.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79007. 87774053989.

Заявка на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Байтұрсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов пореквизитам БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК КЗ21856000000274901.

Место проведения торгов – г.Кызылорда, ул.Байтұрсынова 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 15 часов 00 минут.

Доверенное лицо – Туяқбаева А.А.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел: 8 (7242) 55-18-88, вн. 79007.

87774053989.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы «Инжинирингтік технологиялар» білім беру бағдарламасының жетекшісі Сүлейменов Нұржан Сұлтанұлына анасы **Кәрбаева Қымбат Амандосқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ТАНЫМ

Өткенсіз ештеңенің де өзіндік мағынасы, қасиет-қадірі мен құны болмайды. Мың жерден ғарышты игеріп жатырмыз, жаңа технологияның жағасына жармасып жатырмыз дегенмен, қай нәрсенің де, тіпті өлемнің де бастауы бар. Не нәрсенің де себеп-салдары болады.

Мысалы, мылтық шүріппесінің басылуына құланның қасынуы себеп болады немесе шөптің басы қимылдауы үшін міндетті түрде жел тұруы керек.



ҚАМШЫ ЖӘНЕ ҚАМШЫГЕРЛІК

Мүмкін, қазіргі жаңа заманның жарты сағат етене таныс құралдың түрі, ат-көлік, мал айдауға арналған жабдық. Сонымен бірге шын машықтанған адам үшін қорғануға, қарсыласын ұрып жығуға арналған суық қару.

Қазақтың көшпенді тіршілік салтына, мал шаруашылығына байланысты үзентіге аяғын салуды үйренген баладан бастап, өскіңіз көріге дейін, ат мінген ер мен әйел, бәрі де қамшы ұстай білген.

Өркімнің өзіне ғана жарағатын, өзіне сәйкес қамшысы болған. Атка мінгенде қамшысы қолында, білегінде, қонышында, белінде, тақымында, ердің алды-артында ілулі тұрады. Қарбалас сәттерде ауызға да көлденең тістеледі. Бұрынғы қазақ салтында қамшы ұстап үйге кіру жаман ырым саналған. Келген адам оны үй сыртына немесе ат үстінде қалдырып кіретін болған. Қамшыгер адамдардың жай адамды қамшымен ұруына тыйым салынған.

Қамшы арқылы жауынан қорғанған немесе жайратып салатын адамдар қамшыгер атанған. Бұл тума қабілет болып саналса да, адам табиғатындағы ептілік, шалттық, дәлдік, мергендік, сезімталдық, жүректерілік, қарулық сияқты қасиеттерсіз оны қолдану мүмкін болмаған.

Қамшы үйіре білегін адам үшін ол – ат үстіндегі шайқастың таптырмас қаруы. Қай жерден қалай ұруына байланысты тіліп түседі, сызады, осады, көгертеді, жаралайды, сындырады, өлтіреді.

Жануарлардың да, адамның да осал жерлері болады. Адамда шеке, самай, құлақ шеке, маңдай, көз, шынтақ, тобық, ит пен қасқырда тұмсық, бұра, бұқада маңдай. Қамшыгер қай жерден ұруды өзі таңдайды екен.

Қазақ дәстүрі бойынша екі жақтың келіспеушілігі кезінде өлмейтін жерден қамшымен ұрып құлатып, аттан түсіріп кетуді жеңіске санаған.

Қыстың күні бүркіт салып жүрген қазақтың аңшы жігітіне жайылымы көршілес қалмақтың құтырған бұрасы тап береді. Оң қолына қондырған бүркіті

болады да, жігіт ауыз сала берген бураны маңдайынан сол қолмен тартып жібергенде, бұра дауыс шығаруға шамасы келмей, етпетімен түседі. Мұны көріп тұрған бұра иелері: «Сен қамшымен емес, басқа нәрсемен ұрдың, құнын төле» дегенде, әлгі жігіт аналайдан қайта айналып шауып өте беріп бураның басын қамшымен тартып жібергенде бас сүйегін опырып, миын аузына түсіреді. Мұны көрген бұра иесі жөніне кете беріпті.

Қамшының түрлері де көп: ат қамшы, дырау қамшы, дойыр қамшы, күдері қамшы, жортыл қамшы, шолақ қамшы, білеу қамшы, киелі қамшы, жылан бауыр, тобылғы сапты, төрт таспа, бес таспа, алты таспа, сегіз таспа, жұмыр, төрт қырлы, алты қырлы, ерлерге арналған, әйелдерге арналған, шал-шауқанға, балаға арналған қамшы.

Қытай жерінде тұрған Әріп атты жас жігіт 1940 жылы жазда жоқ ізден ел аралайды. Кездейсоқ тойда көкпарға араласып, лақты ала жөнеледі. Соңына түскен үш жігіт қуып жетеді де, Әріпті бас салып сабай бастайды.

Үш бірдей дойыр қамшы жанына батқан Әріп үшеуінің бірін жауырының ортасына қамшымен тартып жібергенде, әлгі жігіт тіл тартпай кетеді. Қамшы бешпентті, көйлекті жыртып, қабырғаны сындырып, өкпеге тиген. Кісі өлімі болса да ел-жұрт сабағандар кінәлі деп, ел дәстүрімен құнды тындырады.

1952 жылы Қытайда өкімет өзгергенде, өлген жігіттің туыстары дауды қайта қозғайды. Жергілікті Қытай үкіметі істі байыптай келе, Әріпті тағы да ақтайды. Қытайлықтар қамшыгерлікке көңіл аударып, Әріптің өнерін байқаудан өткізеді. Қамшымен әрі де бері де ұрып көреді, бірақ ештеңе өндіре алмайды.

Әріптен қамшыгерліктің сырын сұрағанда: «Мен ұратын сәтте тек сол затты ғана көремін. Ал қамшыны қалай жұмсағанымыз білмеймін» депті.

Соған қарағанда қамшыгерлік атадан балаға берілетін қасиет әрі ішкі дарын болса керек.

Мынадай хадис бар екен. Бірде Хазіреті Әли түсінде аспан мен жерді жағалап тұрған қамшыны көріп, түсін пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с-ға айтқанда, Алланың елшісі: «Қамшы – Жаратушы мен адам баласы арасындағы адал достық» деп жауап береді. Мүмкін, қамшыны киелі санау осындай себептен де шығар.

Қамшы және қамшыгердің өнері мұнымен шектелмейді. Салыстырмалы түрде қараса, бұл өнерді де қытайлық, жапондықтардың күрес тәсілдеріне ұқсатуға болады. Тек айырмашылығы олар өздерінің көне тәсілдерін дамытып жатқан болса, біз бұрынғы ата-бабаларымыз бағалай білген бұл өнер қазір жоғалып бара жатыр немесе мүлдем ұмытылды десе де болады.

Ә.ӘЛКЕБАЙҰЛЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ЦИФРЛЫҚ ТОПТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ПАЙДА БОЛДЫ

Қазақстанда тұңғыш рет цифрлық топтық қаржыландыру пайда болды. КМФ компаниясы өз клиенттеріне жаңа сервисті ұсынды. Енді топтық микрокредит алғандар өз топтарына жаңа мүшені онлайн қоса алады.

КМФ компаниясы елімізде алғашқылардың бірі болып қаржыландыру нарығына топтық микрокредитті енгізген болатын. Ширек ғасырдан аса уақыттан бері компания клиенттері түрлі топ құрып, кепілдікке бір-бірінің алдындағы жауапкершілікті қойып, 7 млн теңгеге дейін қаржыландыруға қол жеткізіп келді. Енді олар топқа жаңа мүшені онлайн қосады. Компания қызметкерлерінің айтуынша, мұндай сервис клиенттері үшін аса маңызды.

«КМФ клиенттерінің басым бөлігі – кәсіпкерлер. Ал кәсібі бар жандар үшін әр минут есептеулі. Топтық микрокредитті алушылардың да көпшілігі – кәсіп иелері. «Достар» деп аталатын топтық микрокредитіміздің шарты бойынша топта 2-ден 10 адамға дейін бола алады. Бұрын топ мүшелері жаңа қатысушыны



қатарларына қосу үшін бөлімшеде жиналып, құжаттарға қол қойып, топқа кіруге рұқсаттарын беретін, енді оған уақыт жоғалтудың қажеті жоқ, барлығы онлайн», – дейді КМФ Басқарма төрағасының орынбасары Күлсара Сапарбекова. Топқа жаңа мүше болып

кіру үшін топтағылар шақырту хабарламасын жібереді. Хабарламада КМФ мобильді қосымшасын жүктеу сілтемесі көрсетіледі. Одан әрі нұсқаулық бойынша командаларды орындап, тіркеуден өтеді. Хаттамаға топтың барлық қатысушысы келісімін берген-

нен кейін топқа кіргізу операциясы аяқталады.

«Достар» топтық микрокредитінің ерекшелігі – кепілдікке достықтың қойылатыны. Ендігі таңда оның онлайн болатыны бұл өнімнің тағы бір өзгешелігі болмақ. Тіпті біздің нарықта оның аналогы жоқ десек те артық емес», – деді Сапарбекова.

Айта кетейік, 5 маусымда компания «Достар-Онлайн» деп аталатын нақанды бастады. Науқан 2024 жылдың 5 тамызына дейін жалғасады. Құрамы екі адамнан кем емес жаңа топ құрып немесе бұрыннан бар топқа бір және одан да көп жаңа қатысушы қосқандар, сондай-ақ, топ мүшелері науқан кезеңінде 500 000 теңгеден жоғары сомаға микрокредит алғандар науқанның ұтыс ойынына қатыса алады. Ұтысқа кәсіпті дамытуға арналған 2 млн теңге грант пен 50 смарт теледидар тігіледі. Ұтыс ойыны биыл тамыз айында өтеді.

Науқан шарттарымен толығырақ 7474.kz/dostar сайтынан білуге болады.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін КНРДА-ның 26.02.2021 жылғы №02.21.0003.М лицензиясы

ҰСТАНЫМЫ МЫҒЫМ ҰСТАЗ

Еліміздің жарқын болашағы жолында мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүр. Жалпы кім-кімнің де жақсы адам, мықты маман болуы ұстазына байланысты. Қазіргідей мемлекет тарапынан ұстаздар қауымына қолдау бар кезде оқытушылар жаңашылдықпен еңбек етеді деп ойлаймын. Осындай білікті де білгір, өз мамандығын шексіз сүйетін ұстаздарымыздың бірі – шет тілі пәні мұғалімі Ақмарал Баймұратова.

Оқушылардың жүрегіне жол таба алатын, жас та болса шығармашыл ұстаздың бойынан нағыз мұғалімді болу керек қасиеттерді мақтанышымен атап айтуға болады. Шәкірттері Шанбай Дінмұхамед, Жұмажанова Бибінура – жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пән олимпиадасының аудандық, облыстық, республикалық кезең жеңімпаздары. Болашақ шет тілі мамандығын тандап отырған оқушыларына жүйелі дайындық жұмыстарын жүргізіп, жоғары көрсеткішке қол жеткізді.



Шәкіртке жан-жақты білім беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік ақпарат кеністігіне шығуға, яғни бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеу – Ақмаралдың басты ұстанымы.

Ш. Амонашвилидің «Мұғалім өз сабағын сүйемес, оған өзі сүйсіне білмесе, ол шәкірт бойына да сүйсіпеншілікті дарыта алмайды» деген сөзі босқа айтылмағаны белгілі. Әр сабағына тындырымды дайындалып келетін, тиімді әдіс-тәсілдерді кенінен қолдана білетін, оқушы бойына қызығушылық туғызып, жан-жақты болуға баулитын, ертеңіне сеніммен қарайтын ұстаздың еңбегі ақталар күн алда.

Салима ОҢДАСЫНОВА,
№83 орта мектебінің мұғалімі
Арал қаласы

КӨНЕ КӘСІПТІ ЖАҢҒЫРТҚАН ШЕБЕР

Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, салаларының бірі – қолөнер, оның ішінде – ши тоқу. Бүгінде осы өнерді жалғастырып, оның жандануына үлес қосып жүргендердің бірі – Зылиха Қалендер Шиелі ауданы Тартоғай ауылының тумасы.



Ол оқушы кезінде сурет салуға бейім болған. Тек сурет салумен шектелмей, ши тоқуды да қатар алып жүрді. Еналғаш 1999 жылы Қазалы ауданы кәсіпкерлері мен қолөнер шеберлерінің фестиваліне қатысып, ши тоқуға деген қызығушылығы арта түсті. Астана қаласында Қазақстанның жетістіктеріне арналған шаралардың, Атырау, Шымкент, Алматы қалаларында болған қолөнер шеберлерінің фестивальдеріне қатысушысы. Қазақстан шеберлер одағының мүшесі. ЕХРО-2017 этноауыл көрмесіне Сыр елінің атынан қатысты. Қырғыз еліндегі «Қарахан искусство» фестиваліне жүлделі орынмен оралды. «Көненің көзі» атты кітапта да өз қолтаңбасын қалдырды.

– Ши тоқу, оған боялған түрлі-түсті жүн орап, өрнектеп безендіру – ғасырлар бойы келе жатқан өнер. Ол сырт көрінісіне қарап ақ ши, ораулы ши, шым ши болып үш топқа бөлінеді. Олардың әрқайсысы өз орнымен әртүрлі мақсатқа пайдаланылады. Атап айтқанда, қабырғаны тазартылған ақ шиді көбінесе құрт, ірімшік, т. б. жау үшін қолданатын болса, ұзына бойы әр түсті жүнмен немесе жібекпен ораған шым – ши киіз үйдің сәнді жиһазы. Ал өн бойы тұтас емес әр жерінен аралатып ораған шиді орама ши немесе ораулы ши деп атайды. Бұл да – сәндік жиһаздардың бірі.

– Осы өнерді дәріптеу, кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз деп білемін, – дейді ол.

Қалай десек те қазақ қолөнерінде шидің алатын орны ерекше. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін, қазақтылықтың нағыз нышанын қалыптастыратын жандардың аразында болуы бізді қуантады.

Айдана БАХТИЯР,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
1-курс студенті

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

САТИРА СЕМСЕРІ

Жақында жерлес жазушы Шымкентбай Жылмағанбетовтің «Өңшең мыжу» атты жаңа кітабы «Формат-Принт» баспасынан жарыққа шықты.



атаққұмарлықты ащы тілмен шағып, іреп салады. Қоғам тынысы, кейбір пенденің қылықтарын еріксіз езу тартқызып, жүзіне күлкі үйіреді. Оқиғалары өмірдің өзінен алынған.

Бір деммен оқылатын кітапта сатира жанрының бәрі түгел қамтылған десе де болады. Мысықыл, мысал, әзіл-сықақ, шымышма, қалжың, тіпті жұмбақтар да бар. Кітаптағы дүниелерді «қысқа-нұсқа», «аз да болса саз» деген тәсілге сай келеді дей аламыз.

Айта кетейік, Ш. Жылмағанбетов жұртшылыққа «Қателіктің құны», «Өмір көшінде» атты кітаптарымен танымал. Әсіресе детектив жанрындағы «Қателіктің құнына» оқырманның ықыласы бөлек. Жаңа сатиралық жинақтың да оқырман жүрегіне жол табатынына сенімдіміз.

«СБ» ақпарат»

www.facebook.com/syrboiy.kz/



Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыру газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboiy.kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.